Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 52 (1159)

29.12.2023

alatau.offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

МЕДИЦИНА

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ» КӨЛІГІ БЕРІЛДІ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН НЫҒАЙТУҒА 3,6 МЛРД. ТЕҢГЕ ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ. ОСЫ ҚОЛДАУДЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ МЕДИЦИНА МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖАБДЫҚТАЛУЫ 93 ПАЙЫЗҒА ЖЕТІП ОТЫР. АЛ ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІ ҚАРАСАҢЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АВТОПАРКІ 29 ЖАҢА ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КӨЛІГІМЕН ТОЛЫҚТЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.



Бұл үшін бюджеттен 750 млн. теңге шамасында қаржы бөлінді. Арнайы автокөліктердің кілттерін облыс әкімі Бейбіт Исабаев тапсырып, халықтың денсаулығын нығайту, медициналық қызметтердің сапасын арттыру Мемлекет басшысының атқарушы органдардың алдына қойған басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.



Кезекші диспетчерлік қызметінің базасында тәулік бойы жұмыс істейтін call-орталық бар. Онда халыққа жоғары білікті медицина қызметкерлері кеңес береді.

Биыл «Жедел жәрдем» әлеуметтік-қайырымдылық жобасы аясында қайтарымсыз негізде «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының қолдауымен өңірдің 5 аудандық ауруханасына «JAC Sunray 6C» маркалы жедел жәрдем көлігі берілген болатын.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»
Суреттерді түсірген: Жеңіс ЫСҚАБАЙ

БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІП

ЖЕТІСУДА ПІСІРІЛГЕН НАН ӨНІМДЕРІ ӨТІМДІ



Көкталдық кәсіпкер «Жаркент нан» сауда белгісімен шығаратын нан-тоқаш өнімдерімен өзі тұратын Панфилов ауданын ғана емес, сонымен қатар көршілес Кербұлақ және Алматы облысына қарасты Ұйғыр ауданын да қамтып отыр. Оның кәсібін дөңгелентіп әкетуіне мемлекеттік қолдау шаралары септігін тигізген.

«Жолтықов» ЖК басшысы Ербосын Жолтықов кәсіпті кеше бастағандардың қатарынан емес. Ол екі мыңыншы жылдарға қарай ауылдасы Аблиз Суфияновпен бірге алдымен өзі тұратын Көктал ауылында, кейін Кербұлақ ауданының Шоқан ауылында диірмен салып, бидай тартып, ұн шығарумен айналысқан болатын. Бірте-бірте нарық қажеттілігіне қарай 2007 жылы Көкталда пен қарындасы Әселді, арнайы технолог мамандығын меңгерген қызы Мәдинаны наубайхана жұмысын жүргізуге тартып, олар бүгінде кәсіптің табысты болуына көмек етіп отыр.

«Сұраныстың көптігіне, нан-тоқаш өнімдерінің басқа да түрлерін пісіруді қолға алуымызға байланысты 2011 жылы наубайхананың іргесін кеңейту қажеттігі туды. Сөйтіп бизнесті жеңілдікпен несиелендірудің «Өндіріс» мемлекеттік бағдарламасымен 40 млн. теңге несие алып, 4 нан пісіретін пеш, 2 қамыр илегіш машина, 2 ұн елейтін құрылғы, оған қоса қамыр бөлетін, дайын өнімді целлофан қаптамамен орайтын және басқа да қажетті қондырғылар, өнім тасуға арналған автокөліктер сатып алдым. Жаңадан алған бұл түркиялық құрылғылардың қуаты тәулігіне 12 тоннаға дейін нан пісіруге жетеді. Біздің кәсіпорында 2 ауысымда 22 адам жұмыс істейді. Олардың ішінде ұзақ жылдан бері еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі мамандар көп. Халыққа сапалы өнім ұсыну - біздің ортақ мақсатымыз», – дейді Е. Жолтықов.



алғашқы шағын наубайханасын салып, оның жұмысын күнделікті бөлке нан мен тоқаш пісіруден бастапты.

Ербосын Жолтықов інісі Қазыбек

Наубайханада тәулігіне 2 тоннадан астам ұн жұмсалып, олардан 20-ға жуық нан өнімі түрлері өндіріледі. Атап айтқанда, қарапайым бөлкемен қатар, тандыр нан, ширатылған батондар, қарабидай мен кебек наны, мерекелік дастарқанға арналған түрлі тәттілер пісіріледі.

Көкталдық кәсіпкердің өнімдері қазір Панфилов ауданы ғана емес, көршілес Кербұлақ ауданының, Алматы облысы Ұйғыр ауданының да сауда нүктелеріне тасымалданады. Сол сияқты «Қорғас» ХШЫО аумағындағы сауда және тамақтандыру орындарында да кәсіпорынның қара наны өтімді.

Сонымен қатар Кербұлақ ауданы Қарашоқы ауылының тұрғыны Асхан Мәлінбаевта өткен жылы наубайханаға қажетті ғимарат сатып алып, биыл «Ауыл аманаты» бағдарласымен алған несие қаражатына жаңа жабдықтар – 3 пеш пен 2 қамыр илейтін құрылғы алған. Өткен жылы ол наубайханасында күніне 100-150 дана нан өнімдерін шығарса, қазір оның санын 300-350-ге жеткізіп отыр.

«Бағдарлама жақсы жұмыс істейді. Мемлекет тарапынан жасалған қаржылай қолдау маған зор пайдасын тигізді. Қазір нан-тоқаш өнімдерінің 10 түрін пісіреміз. Пицца мен самса да бар. Қазір өнімді өз ауылымызда және Сарыөзектегі 2 дүкенге өткізіп отырмыз. Қосымша Қонаев пен Алматы қалаларындағы ірі сауда нүктелерімен келісім жүргізіп жатырмын. Наубайханада 2 ауысымда 7 адам жұмыс істейді», – деді кәсіпкер Асхан Мәлінбаев.

Жалпы Жетісу облысында биылғы 11 айдың қорытындысында ауыл шаруашылығында өндірілген өнім көлемі 101,7 пайыз өсіммен 475,9 млрд. теңгеге жеткен. Жыл қорытындысында 544 млрд. теңгеге, яғни 102 пайызға жеткізу межеленіп отыр. Бұл ретте өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін 120 кәсіпорын жұмыс жасайды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПРЕЗИДЕНТТІК ШЫРША ӨТТІ

Талдықорғандағы «Жастар» Спорт сарайында облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қатысуымен «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты Президенттік шырша тойы өтті.



Оған облыстағы көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасыларынан шыққан оқу озаттары, ерекше қажеттілігі бар балалар, жетім балалар және «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушілері қатарындағы 200 бала қатысты. Бұл туралы Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Мерекелік шара жетісулық балалар өнер ұжымдарының бірлесіп флэшмоб билеуімен басталды. Мұнан соң Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың балаларға арнаған құттықтау хаты үлкен экраннан көрсетілді.

Мерекеде облыс әкімі Бейбіт Исабаевта балаларды жаңа жыл мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Шырша тойында Б. Римова атындағы драма театрының әртістері, облыстық Дәнеш Рақышев атындағы филармонияның өнерпаздары, Талдықорғандағы Оқушылар сарайының және аудан, қалалардағы театр және басқа да өнер үйірмелерінің қатысушылары, цирк ойыншылары, аниматорлар, трюк жасаушылар, акробаттар және басқа да өнерпаздар мерекенің көрігін қыздырды. Жас көрермендер ескі жыл – Қоянды шығарып салып, жаңа жыл – Ұлуды қарсы алды. Балалар Аяз Атамен және Ақшақармен, шырша мерекесіне келген қонақтармен бірге шыршаны айналып, ән салды, ойын ойнап, түрлі жұмбақтар шешті. «Тәтті үстелге» қойылған торттан дәм татты.

Мерекеге арнайы шақырылған 200 балаға қыстық киімдер мен спорттық киімдер жиынтығы, тәттілер мен кітаптар сыйға тартылды.

БАЙҚАУ

ЖАС КӨШБАСШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Өз потенциалын түрлі салада абыроймен танытқан ең дарынды, креативті жетісулық жастар марапатталды.

Облыс әкімінің биылғы «Көшбасшы-2023» байқауының жеңімпаздарын облыс басшысы Бейбіт Исабаев марапаттап, жылы лебізін білдірді.

– Сіздерді зияткерлік және шығармашылық әлеуеттерін таныта білетін, жаңа идеялардың, прогрессивті әрі пайдалы бастамалардың қозғаушы күші деуге болады. Біз сіздерге жан-жақты қолдау көрсетеміз. Биылғы жылы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен жас мамандарға несие беруге 1 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді, оған қоса көтерме жәрдемақыларға жергілікті бюджеттен 162 млн. теңге жұмсалды. Сондай-ақ «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасы аясында гранттар берілді. Он жаңа бизнес-идея мен бастамаларды іске асыруға 30 млн. теңге, яғни әрбір жобаға 3 млн. теңге бөлінді. Сонымен қатар 80 млн. теңге «Жасыл ел» жобасына бағытталды. Бұл, әрине, аз емес. Бүгін біз жастардың арасынан оқуда, ғылымда, спортта, шығармашылықта, кәсіп пен бизнесте үздік шыққандарды марапаттаймыз. Бұл да – тұрақты дәстүрге айналған қолдаудың бірі, – деді Б. Өксікбайұлы.

Жеңімпаздардың бірі «Үздік оқушы» номинациясын жеңіп алған Аяжан Ысан – Талдықорған қаласының №4 орта мектебінің оқушысы, «Елбасы медалі» республикалық жобасының қола жүлдегері, Гарвард Университетінің жоғары сынып оқушыларына арналған халықаралық бағдарламаның финалисі. Ол Чехиядағы ағылшын тілінен өткен, халықаралық олимпиадада I орынды иеленген.

«Үздік жас журналист» номинациясында Аяулым Сансызбаева жеңімпаз атанды. «Жетісу» телеарнасының шығарушы редакторы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, «Жас тілші» медиа-жобасының жетекшісі, тележурналистен шығарушы редакторға дейінгі жолдан өтіп, облыстық телеарнада 14 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

Дәрігерлер әулеті – Сырымовтар отбасы «Үздік жас отбасы» атанды. 5 бала тәрбиелеп отырған көпбалалы отбасының отағасы Жаннұр Мәуленұлы – Көксу аудандық орталық ауруханасының директоры. Жас дәрігер медицина саласында 12 жылдан бері жұмыс істейді, уролог-трансплантолог, ал жұбайы Айдана Қайратқызы – сәулелік диагностика дәрігері.

«Үздік жас кәсіпкер» аталымының жеңімпазы Панан Нарынбаев – Кәсіпкерлер Палатасының Панфилов аудандық филиалының директоры, «Zharkent ecoproduct» ЖК басшысы, ол жеміс өңдеумен, яғни жеңіл тағамдар мен қақ өндірумен айналысады. Бұған дейін кәсіпкер инновациялық жобалар байқауында грант жеңіп алған болатын.

Салтанатты рәсім мерекелік концертке ұласты.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

ПОДПИСАЛИ МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

КАК ПЕРЕДАЕТ, ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, ПАЛАТА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ «АТАМЕКЕН» Г.АЛМАТЫ И ПОДРАЗДЕЛЕНИЕ NEW VENTURES МЕЖДУНАРОДНОЙ КОМПАНИИ INDRIVE ПОДПИСАЛИ МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ. СУТЬ СОГЛАШЕНИЯ – ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ С ЦЕЛЬЮ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН, ПОМОЩЬ МЕСТНЫМ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМ В ПОИСКЕ ИНВЕСТИЦИЙ, ВЫХОДЕ НА ЗАРУБЕЖНЫЕ РЫНКИ И ПОЛУЧЕНИИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ В МАСШТАБИРОВАНИИ И РАЗВИТИИ СВОИХ БИЗНЕСОВ. В РАМКАХ СОТРУДНИЧЕСТВА БИЗНЕСМЕНЫ ИЗ АЛМАТЫ СМОГУТ ПРЕТЕНДОВАТЬ НА ИНВЕСТИЦИИ ОТ NEW VENTURES, ЧЕЙ РАЗМЕР ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ СОСТАВЛЯЕТ ДО 100 МИЛЛИОНОВ ДОЛЛАРОВ.



«Президент страны озвучил задачу по диверсификации экономики города Алматы. Эта задача отражена в системных документах нашего города и находится на постоянном контроле у акима Алматы и руководства Национальной Палаты. Туризм, чистые производства, креативные индустрии и IT определены драйверами трансформации экономики мегаполиса. Экономика, основанная на знаниях и идеях, умении их коммерциализировать и экспортировать - так видится цель деятельности региональной палаты. Нам необходимо не только привлекать инвестиции, но и перенимать и адаптировать опыт состоявшихся международных компаний», - отметил руководитель региональной Палаты предпринимателей Нурсултан Шоканов.



Нуркен Рзалиев, руководитель New Ventures в Центральной, Восточной и Юго-Восточной Азии: “У нас есть деньги, экспертиза и опыт масштабирования бизнесов на международные рынки. Сотрудничество с Палатой предпринимателей города Алматы даст нам дополнительный уровень доверия со стороны предпринимательского сообщества. Приглашаем всех к диалогу. Давайте встречаться, знакомиться, разговаривать. С самыми перспективными и интересными проектами обязательно договоримся о win-win сотрудничестве. Всем остальным – как минимум поможем с советом, экспертизой, полезными знакомствами”.

Согласно меморандуму, палата предпринимателей г.Алматы возьмет на себя роль координатора в переговорной деятельности по инвестиционной программе между New Ventures и представителями местных бизнесов.

New Ventures, со своей стороны, будет проводить отбор среди представленных компаний с целью инвестирования в них или возможного поглощения. Также компания будет содействовать предпринимателям в выходе на зарубежные рынки и поиске иных инвесторов.

Основные параметры компаний, которые могут претендовать на получение финансирования:

Локальные компании, работающие в Казахстане, которые хотят выйти на международный рынок;

Находящиеся на стадии post-seed (preround A);

Показавшие рост >3x по сравнению с предыдущим годом;

Имеющие высокий LTV/CAC;

Социально-значимые проекты, соответствующие миссии inDrive;

Легкие в масштабировании, не требующие больших капиталовложений при международной экспансии.

Представители New Ventures подчеркивают, что каждая заявка будет рассматриваться в индивидуальном порядке.

В перспективе планируется проведение совместных встреч с представителями бизнеса и территориальными органами власти, а также другие активности в сфере развития предпринимательства в Казахстане.

New Ventures – это новое подразделение глобальной компании мобильных и городских услуг inDrive, которое занимается венчурными инвестициями, а также поиском перспективных стартапов для слияния и поглощения (M&A). Денежный размер инвестиционной программы New Ventures – до 100 миллионов долларов.

О компании inDrive

inDrive – глобальная платформа транспортных и городских услуг со штаб-квартирой в Маунтин-Вью, Калифорния, США. Приложение inDrive является вторым самым скачиваемым приложением для заказа поездок в мире, его загрузили более 200 миллионов раз. Помимо поездок, inDrive предоставляет растущий перечень городских услуг, включающий междугородние и грузовые перевозки, вызов мастера, курьерской доставки и поиск работы.

inDrive присутствует в более 700 городах 45 стран мира. Компания поддерживает локальные сообщества с помощью своей модели договорной оплаты и программ поддержки сообществ, которые помогают улучшать образование, спорт, искусство и науку, гендерное равенство и другие жизненно важные инициативы.

Ш. ХАМИТОВ.

СИТУАЦИЯ

«АТАМЕКЕН» ЗАЩИТИЛА КРУПНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯ

Алматинская палата предпринимателей «Атамекен» защитила крупного предпринимателя на сумму 2,2 млрд тенге. На крупную сеть заправочных станций было заведено уголовное дело по обвинению в злоупотреблении доминирующим положением на рынке реализации ГСМ. Проанализировав документы, эксперты Палаты выяснили, что оснований для расследования не было, - передает пресс-служба региональной палаты предпринимателей.

В Палату предпринимателей города Алматы обратились представители компании, управляющей сетью заправочных станций с просьбой изучить документы дела, заведенного по статье 221 ч.1 УК РК (монополистическая деятельность).

Досудебное расследование было начато на основе информации о высоком уровне дохода компании, что было указано в заключении Департамента Агентства по защите и развития конкуренции РК по г. Алматы (далее АЗРК) по итогам проверки деятельности компании. Из документа следовало, что компания занимает доминирующее положение в ряде регионов Казахстана по розничной реализации бензина марки АИ-92 и ДТ и демонстрирует стабильно высокий уровень дохода до 17% в определенные месяцы, тогда как уровень доходов конкурентов демонстрировали несоизмеримо низкую прибыль либо убытки в указанных регионах. Предполагаемый монопольный доход компании оценивался на сумму 2 244 492 498 тенге.

Эксперты Палаты предпринимателей совместно с прокуратурой изучили все прилагающиеся к делу документы и выяснили, что вышеупомянутое заключение госоргана не является основанием для регистрации уголовного дела.

«Согласно ст. 179 УПК РК, заявления, сообщения или рапорт об уголовном правонарушении, в которых отсутствуют сведения о нарушениях действующего законодательства об ущербе, существенном вреде либо незаконном доходе, не подлежат регистрации в Едином реестре досудебных расследований», – сказал управляющий директор по защите прав предпринимателей РПП г. Алматы Мейрамбек Каныбеков. По словам специалиста, при проведении следственных действий установлены основания, не позволяющие продолжать расследование. Прокуратура города закрыла дело за отсутствием состава уголовного правонарушения.

Подобных кейсов на практике юристов Палаты предпринимателей «Атамекен» довольно много. И сегодня палата стремится вывести решение таких вопросов на качественно новый уровень.

«Уважение прав предпринимателей, сохранение справедливого отношения к предпринимательской деятельности - один из ключевых показателей здорового бизнес-климата, что в свою очередь, является важным фактором роста экономики страны и нашего города, в частности. Поэтому мы придаем большое значение вопросу защиты прав предпринимателей и намерены усилить работу в этом направлении»,– говорит председатель Палаты предпринимателей города Алматы Нурсултан Шоканов. Он напомнил, что «Атамекен» совместно с госорганами непрерывно работает над тем, чтобы НПА, регулирующие предпринимательскую деятельность, не превращались в набор требований, а предоставляли больше прав и пространства для комфортного ведения бизнеса.

По словам Нурсултана Шоканова, МСБ в Алматы имеет высокий потенциал развития – есть потребительский рынок, деловые комьюнити, доступ к финансовым институтам и каналам коммуникации с государственными органами. Город располагает всеми условиями для привлечения инвестиций. Препятствия для роста могут создавать лишь потерявшие актуальность требования со стороны регулирующих, контролирующих органов.

На следующий год РПП совместно с акиматом Алматы планируют провести масштабное анкетирование предпринимателей для определения делового климата в городе. Защита бизнеса, как подчеркнул глава РПП, это общая задача «Атамекен» и акимата города. Совместная работа в этом направлении особенно важна в связи с началом нового этапа всеобщего декларирования доходов и завершения моратория на проверки субъектов МСБ.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУДАН ТЫНЫСЫ

Ақсу ауданын ауызға алсаңыз айтулы тұлғалары ойға оралады. Бұл өлкеде қазақ балаларының сауатын ашу жолында жиған-терген дәулетін халықтың игілігіне жұмсаған, алғаш мектеп ашып, бәйге жариялаған Маман Тұрысбектер, жыр құлагері Ілияс Жансүгіров, Сара Тастанбекқызы, Барлыбек Сыртановтай, тағы басқа нар тұлғалар туған. Тоғыз жолдың бойында орналасқан ауданның әл-ауқаты, әлеуметтік жайы туралы бұған дейін де сан мәрте қалам тербегенбіз.



Ақсудағы ауқымды істер

«Түгін тартсаң майы шығатын» шырайлы өңірдің ауыл шаруашылығына пайдаланатын жерінің ауданы 1,17 млн. га, оның ішінде жыртылуға жарамды жері 56,6 мың га, жайылымы 1,03 млн. га, шабындығы 55,2 мың га жер. Бұл 2006 жылғы көрсеткіш. Ал аудан экономикасының бүгінгі көрсеткіштері қандай? Әлеуметтік ахуалы, инвестициялық бағыт-бағдары мен ауыл шаруашылығындағы көрсеткіші қай деңгейде?



Әуелі, әлеуметтік нысандар төңірегінде сөз қозғайық. Ауданға қарасты Сағабүйен ауылындағы дәрігерлік амбулатория 2,5 мыңға жуық халқы бар елді мекен үшін «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша салынған. Ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту мен сапалы қызмет алуларына орай салынған амбулатория құрылысына жұмсалған қаражат көзі 180 млн. теңге. Сондай-ақ, Көкөзек елді мекенінде модульді фельдшерлік-акушерлік пункт пайдалануға берілді. 2025 жылға дейін осындай 15 емдеу мекемесі бой көтереді деп жоспарлануда. Бұдан бөлек, ауыл тұрғындарын спортқа баулуда спорт нысандары салынып, пайдалануға берілуде. Мәселен, Ақсу ауылында пайдалануға берілген спорт залында волейбол, баскетбол, бокс және күрес секциялары ашылған. Кешенге жеке кәсіпкердің қаржысымен 350 млн. теңгеден астам қаражат жұмсалған. Ауданда спорт саласынан республиканың намысын қорғаған небір айтулы спортшылар шықты. Мәселен Асхат Жикеев, Әбілсейіт Айхановтан бастап айтсақ жіпке тізілген моншақтай жарқыратып көрсетуге болады. Аудан халқы айтулы палуан жерлестері Әбілсейіт Айхановқа ескерткіш орнатамыз деп жұмылып жатқандарын да естідік. Бұл, әрине, екі қолды көтеріп құптайтын-ақ іс. Талдықорған қаласындағы «Жастар» спорт сарайына осы Әбілсейіт Айхановтың аты берілсе деген өтінішімді облыс әкімі Бейбіт Исабаев мырзаға айтқан болатынмын...



Әлеуметтік нысандар саласында ауданда 30 шақты тарихи-мәдени ескерткіштің бар екенін археологтар анықтағанын «Хабар 24» арнасы хабарлаған болатын. Жалпы археологтар Ақсу өзенінің аңғарынан 15 мыңнан астам петроглифті анықтағанынан хабардармыз. Олар қола дәуірінің соңғы кезеңі мен XX ғасырға дейінгі аралықты қамтиды. Экспедиция барысында көне тұрақтар мен обалардың да бар екені белгілі болды. Екі жылдың ішінде археологтар 30 шақты тарихи мәдени ескерткіштерді тіркегенін, олардың арасында дәуір сабақтастығынан сыр шертетіндерін «Хабар-24» арнасы көрсеткен-ді. Әдебиеті мен мәдениеті төңірегінде ауданда Жарданбет Тоспағамбетов, Қуат Терібаев, Разбек Жолдыбаев, Назарбек Әмірғалиев, Сағымбек Рақышев, Дәмен Шаймерденова, Бағила Тынысбаева сынды өнер саңлақтары туған өлкеде өнер, білімнен алдарына жан салмаған небір ғалымдар шыққанын айтуға болады.

Енді аудандағы ауыз су, баспана, ауылдардың ішкі жолдарын жөндеу, жарықтандыру әрі абаттандыру бағытындағы атқарылған жұмыстар бойынша тоқталсақ. Жиренше шешен күркеден аяғын шығарып жіберіп «өз үйім өлең төсегім» деген ғой. Айтқандай-ақ, баспана дауы қазіргі қоғамда әлі түйіні толық тарқатылмай келетін күрделі мәселеге айналғалы айдан анық. Бұл тек Ақсу ауданына қатысты емес, жалпы республика бойынша өзекті проблема. «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің мәліметіне сүйенсек, ММ 10 айлық қорытындысы бойынша, ауыз су саласында «Жансүгіров ауылындағы арық жүйесін орналастыру» құрылыс жұмыстарына қатысты,



ұзындығы 37 шақырымның 21 шақырымы аяқталса, «Арасан ауылының сумен жабдықтау жүйесін реконструкциялау және салу» объектісінің жұмыстары аяқталып маусым айында іске қосылған. Аудандағы 49 елді мекеннің 42-сі орталықтандырылған ауыз су жүйелерімен қамтылса, 7 елді мекенде әлі ауыз су жүйелері орталықтандырылмаған. Ауыз су жүйелері орталықтандырылмаған елді мекен қатарында 6 разъезд (Қайрақты, Ақөзек, Жасқазақ, Береке, Қарой, Құмтөбе) және 1 ауыл (Қопалы) бар. Разъездерде және Қопалы ауылында тұрғындар саны 50 адамға жетпегендіктен ауыз су жүйесін салу тиімсіз болуда. Тұрғындары темір жолшыларға арналған тасымал сумен және жергілікті жер асты су көздерімен қамтамасыз етілген.

Баспана мәселесін тілге тиек етсек, ауданда тұрғын үй кезегінде 827 адам тұр. Оның 336-сы халықтың әлеуметтік тұрғыдағы осал топтары болса, 63-і жетім-балалар, сонымен қатар тұрғын үй апатты деп танылған 16 адам бар, «Ана даңқы», «Алтын алқа», «Күміс алқа» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар, көп балалы отбасылар шағын санаты – 212 адам, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, әскери қызметкерлер, мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын тұлғалар – 200. Республика күніне орай Жансүгіров ауылында 50 пәтерлі баспана пайдалануға берілсе, тұрғын үй мәселесі бойынша, 2019 жылы Жансүгіров ауылында 36 пәтерлі 3 тұрғын үй (Қабанбай Батыр 45, Қабанбай Батыр 43, Желтоқсан 29) апаттық деп танылып, бұл баспаналар бұзылған. Жеке кәсіпкер Болысбеков Айбек Болатбекұлы өз есебінен Жансүгіров ауылында СИП панелінен үш көп қабатты 36 пәтерлі тұрғын үй салып берген. Баспана тамыз айында толық аяқталып, тұрғындарға берілген.

«Ауыл - Ел бесігі» атты бағдарламасы аясында Сағакүрес, Арасан, Суықсай ауылдарына көше жарығы орнатылған. Бюджеттен 6 ауылдың ішкі жолдарын орташа жөндеуден өткізуге қаражат бөлініп, Б.Сыртанов (Ә.Молдағұлова, Қ.Сәтбаев, С.Махмутов, Есенов, Тәуелсіздік), Еңбек (Ерментас, Ақтанберді, Әйтеке би, Мейірман), Қарашілік (Жаңақұрылыс, Қастекбаев, Ә.Молдағұлова, Нұрпейісов, Омарбаев, Ақын Сара), Есеболатов (Курценко, Жиенбаев, І.Жансүгіров) Тарас (Төле би, Ш.Қалдаяқов, Қабырғатал, Құдайберді) Жансүгіров ауылдарының жаңа аудан көшесіне

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының игерілмей жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруы туралы бұйрығы шығысымен жергілікті органдар мен құзырлы орган, прокуратура бірлесіп жүргізген істің нәтижесінде талай жер мемлекет меншігіне қайтарылуда. Бұл жұмыстар әлі де жалғасын тауып келеді. Арнайы мәліметтерге көз жүгіртсек, осы жұмыстар бойынша аудандағы жер мәселесіне қатысты 11 ауылдық округінде 306 лот, барлығы 82,3 мың гектар, оның ішінде: 0,337 мың га суармалы егістік, 0,526 мың га тәлім егістік, 0,99 мың га шабындық және 81,3 мың га жайылым жерге байқау өткізілген. Аталған байқаулардан 38 лот, барлығы 3079 га оның ішінде: 18,2 га суармалы егістік, 131,1 га тәлім егістік, 17,64 га шабындық және 2912 га жайылым жерге өтінім біреу және мүлдем түспегендіктен лоттар ойнатылмай қалған. Ал 38 лот жергілікті газетке жарияланып қайта ойнатылмақ екен. Сондай-ақ, жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру бойынша 54 жер учаскесінің кадастрлық бағалау құны айқындалып, жалпы 57,735 млн. теңгені құраған. Бүгінгі күнге 8 коммерциялық жер учаскесі (автожанармай құю кешені - 2 учаскесі, магазин 2 учаскесі, ғимаратқа қызмет көрсету – 4 учаскесі) жалпы алаңы 3,978 гектар салуға электрондық сауда-саттық нәтижесінде жалпы 15 436 195 теңгеге сатылды (бағалау кадастрлық құны 11 541 166 теңге). Аудан бойынша мемлекет меншігіне 28 мың га жер қайтару жоспарланған. Бүгінгі күнге ауданның арнайы жер қорына барлығы: 55,604 мың га жер қайтарылған, оның ішінде: 958,6 га суармалы егістік, 480,0 га тәлім егістік, 57,56 га шабындық және 54,108 мың га жайылымдық жерлер. Сонымен қатар, Жетісу облысы жер ресурстарын басқару департаментіне барлығы: 47,0 мың га, оның ішінде: 2,506 мың га суармалы егістік, 3,9 мың га тәлім егістік, 0,165 мың га шабындық, 40,5 мың га жайылым жерлерге шара қолдануға берілген.

Аграрлық салаға тоқталсақ, аудандағы мал басының артуы көңіл көншітеді. Ірі қара малы былтырғы жылмен салыстырғанда 100,6 пайызға өсіп, 101,2 мың басты құраған (2022ж. – 100,6 мың бас). Қой-ешкі 100 пайыз, 376,5 мың басқа жетті (2022ж. – 376,5 мың бас). 110,8 пайыз, 42,2 мың басқа жетсе, (2022ж. – 38,1 мың бас). Түйе 103 пайыз, 68 басты құрады (2022ж. – 66 бас). Үй құстары 100,9 пайызға артып 132,4 басты құраған. (2022ж. – 131,2 мың бас). Ауданда 180 басқа арналған 2-шағын сүт тауарлы фермасы жұмыс істеуде. (ШҚ «Туркпенова Алма» - 60 бас, ШҚ «Ащыбулак» - 120 бас). Жыл басынан 82 тонна сүт өндірілген. Өндірілген өнім Сарқан сүт зауытына өткізілуде. Ауданда 3,4 мың басқа арналған 9 мал бордақылау алаңы бар, бүгінгі күнге 0,982 бас бордақылануда, жыл басынан 0,256 мың тонна ет өндірілген. Алдағы уақытта инвестициялық жобамен ЖК «Ералы» 200 басқа арналған мал бордақылау алаңын салуды жоспарлануда. Ашылатын жұмыс орны 5 адам, тартылатын инвестиция көлемі 250 млн. теңге. Ауданға инвестиция тарту бойынша жеке инвестициялардың үлесі 56,8 пайызды немесе 10216 млн. тг. бюджет үлесі 43,2 пайызды немесе 7779,5 миллион теңгені құраған. Жеке инвестицияларға қатысты «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ бойынша қарыз қаражаты (заемные средства) да жатады, 11 айда олар 6,96 млрд.теңге сомасына инвестицияларды игерсе, 250 млн. теңгеге жол бойындағы сервис салу бойынша инвестициялық жоба іске асырылған, бұл өз қаражаты есебінен болған. Ақсу ауылында «Вектор строй» ЖШС жеке инвестициялар есебінен ФОК құрылысы аяқталған. Инвестициялар сомасы 285 млн. теңгені құраса, Суықсай ауылында 2024 жылы 3 гектар жерге құлпынай өсіру жобасын іске асыру жоспарланған. Ол жыл сайын 40 гектарға дейін ұлғайтылады, «Арасан-Жидек» ШҚ жобасының бастамашысы, жобаның қуаты тәулігіне 2т, маусым кезеңінде



45 жұмыс орны. Бүкіл Қазақстан бойынша өткізу нарықтары барын әрі биылғы қоян жылы 6 инвестициялық жоба іске асырылып, статистикалық есеп бойынша 298 млн. теңге сомасына бағаланған. 2023 жылдың 11 айы бойынша инвестиция көлемі 17995,5 млн. теңгені құрап, НКИ өткен жылмен салыстырғанда 182,8 пайызға жеткен. 2021 жылдан



бастап «Ақсу ГЭС» ЖШС форель шаруашылығының құрылысын бастады (тауарлы балық өндірісі), қуаттылығы жылына 265 тонна, 13 жұмыс орны, инвестиция сомасы 515 млн. тг. Ағымдағы жылы инвестор қаржы қаражатының болмауына байланысты бұл жобаны тоқтатқан. «Жетісу инвест» ЖШС-мен бірлесіп жобаны одан әрі іске асыру үшін



жаңа инвесторлар іздестірілуде. Аудан экономикасының тасын өрге домалататын да осы инвестиция мен өнеркәсіп саласы әрі шағын бизнесті өркендету. Өнеркәсіп саласында 10 кәсіпорын, оның ішінде өнеркәсіптің негізгі көлемін қалыптастыратын 1 ірі және 1 орта, қалғаны кіші кәсіпорындар жұмыс істеуде. Бұл салада мыңнан астам адам жұмыс істейді. Биылғы жылға арналған жоспар 6,5 млрд. теңге болса, он бір ай бойынша өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі 4994 млн. теңгені құрап, НИК - 148,2 пайызға жеткен. Кәсіпорындар бойынша «Аксу Кант» ЖШС «Ақсу қант» зауыты өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі кәсіпорын болып табылады. Ағымдағы жылы зауыт өз қаражатынан, оның ішінде құрылтайшылардың жеке қаражатынан қантты өңдеудің қамыс желісін іске қосу, Алажиде станциясында зауытқа шикізатты қабылдау және сақтау үшін шараларды ұйымдастыру бойынша жұмыстар қысқа мерзімде жүргізілген. Зауыт жұмыс істеген қазан-қараша айлары аралығында жалпы сомасы 1573,4 млн. теңгеге 6187 тонна қант пен патоканы өндірген. Ауданда «Қапал-Арасан» гранит және мәрмәр кен орындары, саздақ және құмтас сияқты құрылыс материалдары сияқты пайдалы қазбалардың бай қоры бар, бұл құрылыс материалдары өндірісінің белсенді дамуының алғышарты

жаңа инвесторлар іздестірілуде. Аудан экономикасының тасын өрге домалататын да осы инвестиция мен өнеркәсіп саласы әрі шағын бизнесті өркендету. Өнеркәсіп саласында 10 кәсіпорын, оның ішінде өнеркәсіптің негізгі көлемін қалыптастыратын 1 ірі және 1 орта, қалғаны кіші болып табылады. Бүгінгі күні ауданда «Granite-industries» ЖШС жұмыс істейді. Қапшағай қаласында оның жеке өндірістік кешені бар, табиғи тастан жасалған әр түрлі құрылыс материалдары мен бұйымдарын сату мақсатында «Қапал-Арасан» кен орнының гранит блоктарын



өндірумен айналысып, гранит өндіру көлемі жылына 4 мың текше метрді қамтыған. 2 тоқсаннан бастап «Текелі Гранит» ЖШС гранит өндіру бойынша жұмысы басталып, қайта өңдеу зауыты Текелі қаласында



орналасқан, өндіру көлемі жылына 3 мың текше метрді құрайды. Сондай-ақ, ағымдағы жылы «Копал Алтын» ЖШС Қызылағаш кен орнында қатты пайдалы қазбаларды (алтын кенді) барлау жұмыстарын жүргізуді жоспарлануда. Осы жоба 2020-



2025 жылдарға арналған, өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізілген. Ауданда қуаты 2 МВТ/сағ. «Ақсу ГЭС» ЖШС жұмыс істейді. Машина жасау саласындағы негізгі кәсіпорын «Loko-centr» ЖШС болып табылады. 2017 жылға дейін бұл ЖШС локомотивтерге арналған тежегіш қалыптарын шығарумен айналысқан. Қазіргі уақытта өндіріс жұмысы тоқтатылған, өйткені жабдық ескірген және өндіріс экономикалық жағынан тиімсіз болуда. Бүгінгі таңда «Loko-centr» ЖШС негізінен Қытай өндірісінің ҚТЖ тапсырыстары бойынша ескі локомотивтерін жөндеумен ғана айналысады. Ағымдағы жылы Қызылағаш ауылында шұжық цехын салу жоспарлануда, «Аркабаев» ЖК-ның эскиздік жобасы бекітілді. Негізгі капиталға тартылған инвестициялар бойынша биылғы жоспар – 12,5 млрд. теңге. Ал шағын және орта бизнес саласында жұмыс істеп тұрған субъектілерінің саны аудан көлемінде 4056 бірлікті құрайды.

Айтақын МҰХАМАДИ



Дүйсенбі - Понедельник, 1 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.00 «Әнұран»
06.05 «Жарылқа Жаңа жыл!»
09.00, 16.30 Мультфильм «Мұзды әпке»
10.30 «ЖАР-ЖАР» Көркем фильм
12.00 , 23.45 «Жақсылықпен кел Жаңа жыл-2024»
18.00 Телехикая «Қилы күндер»
20.00 «Үйде жалғыз қалғанда» Көркем фильм
21.35 «Дос-Мұқасан» Көркем фильм

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.05, 00.00 Сборник «Жаңа жылдық топтама»
07.00 «Суперсемейка» Мультфильм
09.00 «Суперсемейка-2» Мультфильм
11.00 Семейное кино «Щелкунчик и четыре королевства»
13.00 «Красавица и чудовище»
14.30 «Келінжан-2»
16.15 «Жаңа жылдың басты Хабары»
19.00 «Қызық премия 2023»
20.00 Кино «Паралимпиец»
22.00Кино «Пираты карибского моря;Проклятие черной жемчужины»

АСТАНА

06.00,13.30,01.30 «Жап-жаңа жыл»
09.20 «Сольный концерт Турсынбек Қабатов»
11.00Худ.фильм «Жажда мести»
15.50 «Шаншар»
19.10 «Қош келдің Жаңа жыл!»
22.00Худ.фильм «Бизнес по-казахски в Турции»
23.50 Худ.фильм «Бизнес по-казахски в Корее»

ЕВРАЗИЯ

08.00Худ.фильм «Новогодняя засада»
09.45 «Леониду Гайдаю-100» Киноконцерт
11.15 «Деревенская комедия» Худ.фильм
15.55Худ.фильм «В двух километрах от нового года»
17.35 «Әгугай»
18.40 Премьера «Лучше всех!»
20.30 Худ.фильм «Не плачь по мне, Аргентина»
00.15 Худ.фильм «Новогоднее приключение»
01.45 «Что? Где? Когда?»
02.35«Әгугай»
03.40 «Паутина»

КТК

08.00 ҚР Әнұран
08.05 «Ән мен әнші» жаңа жылдық ән шашу
09.30 «Кел шырқайық!»
11.40,00.00 «Вьюга» новогодняя мелодрама
13.30 «Новогоднее счастье» новогодняя мелодрама
17.00 «Шаншар» жаңа жылдық әзіл мен ән думан кеші
17.10 Мелодрама «Большая надежда»
20.00 «Ән мен әнші ғажайып әнші жаңа жыл»
21.00 «Тайный санта» новогодняя мелодрама
22.30 «Моя мама-снегурочка» новогодняя мелодрама
01.40 «Ән мен әнші қош келдің жаңа жыл-2024!»
03.30-05.00 «Фархад пен Шырын»Жаңа жылдық фильм

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.15 «Жан сырым» концерті
09.00 «Сапарлайық»
09.30 «Әсем әуен»
10.15 «Арнайы шығарылым/ Специальный выпуск
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 «Балалар шыршасы»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Шіркін-ай»
14.00 Мерекелік бағдарлама
15.30 «Әсем әуен»
16.00 «Мәңгілік өмір - махаббат» спектаклі
17.40 «Әсем әуен»
18.00 «Мақсатына жеткендер»
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 «Бақытынды аяла» көркем фильмі
22.00 «Әндер мен жылдар» концерті

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұран
06.00 «Жаңа жыл жарылқасын!»
08.00 «Маша и медведь»
10.00 «Алдараспан»
12.10 Кино Франк Гастам бид в боевике «Такси-5»
14.00 Анимационный фильм «Холодное сердце-2»
15.40 Кино «Один дома»
17.30 Кино «Один дома-2. Затерянный в Нью-йорке»
19.40 Кино «Семьянин»
22.00 Кино «Мстители Эра Альтрона»
00.20 «31 әзіл»
01.30 Тик ток
02.30 Ватсап
03.00 Әзіл студио
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
04.30 Ватсап
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.25 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.20, 01.40 «Айна онлайн»
08.10, 02.00 Т/х «Бастық боламын»
09.30 Ток шоу «Қыздар-Ай»
10.00 Сериал «Сильная женщина»
14.00 Жаңа Жыл Парти
16.00 «Әзіл тайм»
16.30 Концерт «Бастар мен Жастар»
17.40 Сериал «Испытание»
18.40 Х/ф «С Новым годом, девченки!»
20.10 Х/ф «Келинка тоже человек»
22.00 Х/ф «Доспехи бога-3 Миссия зодиак»
00.00 Сольный концерт группы «Ринго»
02.50 «Келесі кім?»
03.40 «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 2 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.35 «Жәдігер»
06.25 «Әндер мен жылдар»
07.50 «Дос-Мұқасан» Көркем фильм
10.00, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.00 «Үйде жалғыз қалғанда» Көркем фильм
13.40 Мультфильм
15.10 «Жақсылықпен кел, жаңа жыл-2024!»
20.00«Үйде жалғыз қалғанда-2» Көркем фильм
21.50«Жарқын жүздесу»
23.35 «Беу!» Заманауи музыка жүлдесі
01.40 Жаңа жылдық бағдарлама
02.45«Алтың қақпа»

ХАБАР

05.00 Сборник «Жаңа жылдық топтама»
07.00 Мультфильм «Суперсемейка -2»
09.00 Мультфильм «Пчелка Майя»
10.30 Семейное кино «Красавица и чудовище»Мультсериал
12.00 «Паралимпиец»
14.00 Кино «Пираты карибского моря;Проклятие черной жемчужины»
16.45,00.30 Х/ф «Елки»
18.30 Кино «Почти мачо»
20.00 Телехикая «Шерлі жүрек»
21.45 Кино «Пираты карибского моря Сундук мертвеца»

АСТАНА

06.00, 00.00 «Жап жаңа жыл»
07.00 «Шымкент шоу»
12.00 Х/ф «Форрест гамп»
14.30 «Қош келдің, Жаңа Жыл!»
17.00 «Ұлы Дала Жаңа Жыл»
19.20 «Ән мен әнші» Новогодный концерт
22.00 Х/ф «Бизнес по-казахски в Индии»
23.30 Х/ф «Жажда мести»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
07.00, 03.15 «Паутина»
08.20 «Снежная королева. Размарозка»
09.35 Х/ф «Кушать подано, или осторожно любовы»
11.10 «Деревенская комедия»
15.45 Х/ф«Снежный ангел»
17.35 «Әгугай»
18.40Премьера «Большая разница 2024»
20.30Х/ф «Не плачь по мне, Аргентина»
00.15 Х/ф «Солнечная линия»
01.15 «Что? Где? Когда?»
02.10 «Әгугай»
03.15 «Паутина»
04.00 «Тамаша Сити»

КТК

07.00 ҚР Әнұран
07.05 «Тағдыр тәлкегі» жаңа жылдық комедия
08.50 «Ән мен әнші» жаңа жылдық ән шашу
10.00«Моя мама-снегурочка» новогодняя мелодрама
11.30«Тайный санта» новогодняя мелодрама
13.00 «Розыгрыш по-казахски»
14.30 «Шаншар» әзіл мен ән думан кеші
16.10 Жаңа жылдық ән шашу
18.30 «Махаббат әлемі» жаңа жылдық ән шашу
21.00 «Самый новый год» новогодняя мелодрама
22.30 «Новогодний ангел» новогодняя мелодрама
00.30 «Ән мен әнші қош келдің жаңа жыл-2024!»
02.40-04.30 «Тағдыр тәлкегі» жаңа жылдық комедия

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» / мерекелік эфир/
09.30 «Туынды тарихы»
10.00 «Ел мен жер»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Әсем әуен»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Күйеуге шыққым келеді» телехикаясы
15.00 «Екі жүрек» концерті
16.20 «Менің арманым»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Ғасырлар сарыны»
18.30 «Жас тілші»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Туынды тарихы»
20.00 «Айттым сәлем сағынып» концерті
22.00 «I love Taldykorgan» фильмі
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 Әзіл студио
07.00 «Күліп алл»
07.30 «Маша и медведь»
09.00 «Екі Езу» мерекелік әзіл-сықақ концерті
11.00 Шарип Серик в комедии«За три дня до нового года»
12.20 Кино «Один дома-2 Затерянный в Нью-Йорке»
14.30 Кино «Один дома-3»
16.20 Кино «Семьянин»
18.40 Кино «Аладдин»
21.00 «Чукур» түрік телехикаясы
22.30 Кино «Стартрек Возмездие»
00.30 «31 әзіл»
03.00 Әзіл студио
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
04.30 Ватсап
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.45 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.30, 23.00 «Айна онлайн»
08.00, 00.20 «Бастық боламын»
09.00 Әзіл Time
10.20 Х/ф «Келинка тоже человек»
12.10Сериал «Ищу тебя»
16.20 Концерт
18.40 Х/ф «За три дня до нового года»
20.10 Х/ф «Келинка тоже чкловек-2»
22.00 Х/ф «Доспехи бога в поисках сокровищ»
00.00 Концерт «Bile»
02.50 «келесі кім?»
03.40 «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 3 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Атын қақпа»
07.10 «Шабондоз қыз» көркем фильм
08.45 «Көңіл толқыны»
10.10, 18.00 Т/х «Қиылы күндер»
12.00 «Үйде жалғыз қалғанда-2» көркем фильм
13.50 Мультфильм «Кішкентай су перісі Ариэль»
15.00,20.00, 00.10 Ақпарат
15.10 «Беуі» Заманауи музыка жүлдесі
17.15 «Қазақстан дауысы» Арнайы жоба
20.30 Т/х «Құдаша қыз»
21.30 Телехикая «Алданған арман»
22.30 «Жарқын жездесу»
00.40 «Бірегей»
01.35 «Сана»
02.35 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 ҚР Әнұран
05.00 Сборник «Әсем әндер»
05.30 Мультфильм «Пчелка Майя»
07.00 «Пираты карибского моря: Сундук мертвеца»
10.00 Мультфильм«Не бей копытом»
11.15 Мультхикая
12.00, 20.00 Т/хШерлі жүрек»
14.00 Кино «Почти мачо»
16.00, 00.30 Х/ф «Елки-2»
18.00 Новости
18.30 Кино «Келинка тоже человек-2»
21.45 Кино «Пираты каибского моря: На краю света»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
08.30 М/с «Маша и медведь»
09.00 Сериал «Ангел-хранитель»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
13.00, 00.00 Т/х «Дастан»
13.50, 00.10 Т/х«Бақыттын кілті»
16.00 Т/х «Өз үйім»
16.30 Сериал «Узнай меня, если сможешь»
20.00 «Астана таймс»
21.00 «Осман-4» түрік т/х
21.55 «Лакшми» үнді т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
07.15, 04.00 «Паутина»
08.05 «Морозко»
09.00 «Щелкунчик и волшебная флейта»
11.00 Сериал «Казанова»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.30 Басты жаңалықтар
19.00, 02.45 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Х/ф «Не плачь по мне, Аргентина»
00.15 Х/ф «Мужчина к новому году»
01.45 «Что? Где? Когда?»

КТК

07.05 «Махаббат әлемі»жаңа жылдық ән шашу
09.00 «Юморина» шоу программа
10.20 «Розыгрыш по-казахски»
11.40 «Новогодний ангел» мелодрама
13.30, 01.20 «Самый новый год» мелодрама
15.00 «Өмірдің өзі новелла» өзбек т/х
17.00 «Қыл үстіндегі тағдыр» өзбек т/х
19.30 Кешкі жаналықтар
20.00, 03.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Любовь веры» мелодрама
02.30, 04.30 Жаңа жылдық ән шашу

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Бақытынды аяла» көркем фильмі
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Ғасырлар сарыны»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Туынды тарихы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Архивтегі ақиқат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00,01.20, 03.30 Әзіл студио
07.20 Күліп ал
08.10, 21.00 Т/х«Чукур»
09.40 Сериал «Немного женаты»
10.40 «Тайм вайн»
11.10 «Tik-Tok» шоу
11.50 Мультсериал «Маша и медведь»
12.55 Кино «Сновым годом девченки»
14.25 Кино «Один дома-3»
16.15 Кино «Один дома-4»
17.45 Кино «Мтартрек возмездие»
22.40 Кино «Из Парижа с любовью»
00.10 «31 әзіл»
03.00 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.20 «Айна онлайн»
08.10, 02.20 «Бастық боламын»
09.00, 16.00 «Әзіл тайм
10.20 Х/ф «Келинка тоже человек-2»
12.00 Сериал «Голос ангела»
17.20 Шоу «Маска»
20.10 Х/ф «Каникулы оф лайн»
22.00 Х/ф «Красавица и чудовще»
02.40 «Келесі кім?»
03.10 Т/х «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

ЕЛ МҮДДЕСІ ҮШІН АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТЕЙ

АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ АЙТҚАНДАЙ, ҚАЗАҚТЫ ҚАЗАҚ ЕТКЕН ТІЛІ, МЕЙМАНДЫ ДОСЫ, МАРХАББАТТЫ ТӨРІ, МАМЫРАЖАЙ КӨҢІЛІ, БЕЙБІТ ӨМІРІ, ШЕКСІЗ ПЕЙІЛІ, ТЕҢІЗДЕЙ САРҚЫЛМАС ӨНЕРІ, ЕҢБЕКТЕГІ ӨЛЕРМЕНДІГІ, ӨШПЕЙТІН ӨСИЕТІ, ҰМЫТЫЛМАЙТЫН ҚАСИЕТІ, АРЫСТАНДАЙ АҢҚАУЛЫҒЫ, АЙБЫНДЫ АЗАМАТТЫҒЫ, АЗБАЙТЫН АРЫ МЕН ҰЯТЫ, ТОЗБАЙТЫН ЖҰРТЫ.

Бабаларымыздың асыл сөзінің сыны салмақты, мақсаты мәнді, мүддесі мүлт кетпейтін, жүйесі алға жетелейтін, құндылығы ой сана, сезіміңнен кетпейтіндей түйінделетінін өмір деген ұстаз өзі дәлелдеп келе жатқаны да рас... Ал бүгінгі қазақ қоғамында осы өсиеттің орындалуына не кедергі? Арсыз жандар ма, жоқ әлде ниеті жаман пенделер ме?! Немесе, өз отбасы ел-жұртқа жағымсыз іс-әрекеті ұнамаса да менмендік, қызғанышпен заңсыз кінә тағуға құмар жандар ма? Не болмаса атқарылып, жүзеге асып, халыққа игілігін беріп келе жатқан бағдарламаларды ел-жұрттың алдына шығып жан-жақты түсіндіруге дәрменсіздік таныта беретін жандардың адами жауапкершілік парызын атқара алмауынан ба?

Атам қазақ жамандықтың жолын игі жақсы қасиеттердің құдіретімен жүйелеп отыр деп санаға құйып кеткен. Оны кімдер түсініп, кімдер ұға алмай жүргенін төмендегі ресми мәліметтерден өздеріңіз түйіндеп білерсіздер.

Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтері бойынша елімізде отбасын құруға асықпайтын 2 миллионға жуық қазақстандық бар екен. 2022 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балалары бар 476 мың жалғыз басты әкелер немесе аналар отбасы бар, оның 423 959-ы балалы аналар отбасы, 52 мыңы балалары бар әкелер отбасы.

Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және зең қызметін ұйымдастыру департаментінің мәліметінше, 2022 жылы 129 707 жұп некеге отырса, 51 220 жұп ажырасыпты.

Ішкі істер министрінің Мемлекет басшысы алдында берген есебінде: «*Бүгінде 8 миллион 500 мың заңға қайшы әрекет анықталған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1 миллионға көп. Жасалған құқық бұзушылықтар үшін 90 млрд.* теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды, 71 миллиард теңге өндіріп алынды», – деді.

Арнайы мәлімет көздеріне сүйенсек, тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 19 есе өскен (1993 жылғы 11,4 млрд. доллардан 2022 жылы 221 млрд. долларға дейін). Қазақстанның халықаралық резервтері 1993 жылғы 711 миллион доллардан 94 миллиард долларға өсіпті. 31 жылда елімізге тартылған тікелей шетелдік инвестициялар 410 миллиард доллар. Ел Үкіметі тікелей шетелдік инвестициялардың рекордтық көлемі 2022 жылы 28 миллиард доллар көлемінде тіркелгенін жариялады. Ал 150 миллиард доллар тарту туралы Президенттің тапсырмасын орындау үшін 2030 жылға дейін 7 жыл бойы ел экономикасына жыл сайын 25 миллиард доллар шетелдік инвестиция тартылуы тиіс екен.

Еңбек нарығында жұмыспен қамтылған қазақстандықтардың жалпы саны 9 115 082 құрайды. Қазақстанда еңбек нарығындағы жергілікті атқарушы органдар рұқсатымен жұмыс істеп жүрген иммигранттардың саны 15 129.

Қазіргі кезде Ауғанстан, Украина, Сирия, Өзбекстан, Қытай елінен келген 325 босқын тұрады. Олардың елден шығарылмауы қорғалған.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемде 40 секунд сайын бір адам өзіне қол жұмсайды, яғни, жылына 703 мың адам суицидпен өледі екен. Суицид деңгейі бойынша Ресей, Оңтүстік Корея, Беларусь, Венгрия, Жапония, Украина, Латвия және Қазақстан көш бастап тұр. Мамандар суицидтің басым болуын қаржылық қиындықтар немесе жеке тұлғаға жүктелген міндеттемелердің көп болуымен байланыстырады.

2022 жылғы дерек бойынша бір жылда елімізде 3700 адам өзін өзі өлтірген.

Студенттер мен жасөспірімдер есірткі дилерінің оңай олжасына айналды. Тәуелсіз өмірді бастай отырып, бос уақытында ақша табуға тырысып, жастар кез келген заңсыз әрекеттер үшін жауапкершілікті әрдайым біле бермейді. ІІМ-нің міндеті - әрбір оқушы мен студентке осындай «табыстың» салдары туралы ескерту. 16 жастан бастап есірткі әрекеттері үшін толық жауап беруге тура келеді - дейді Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті.

Айтпағымыз, Тәуелсіздік алған жылдан бері Қазақстанның ЖІӨ 19 есе өсіп, 221 миллиард долларға жеткен болса, 31 жылда 410 млрд. доллар ТШИ тартылыпты. Бұл көрсеткіш 20 миллион халқы бар Қазақстан үшін игі жетістік. Дамушы елдер қатарынан әлем көшінен көрінетініне дау жоқ.

Зейнеткерлер өздерінің өмір бойы БЖЗҚ салған қаражаттары және қазірде салынып жатқанын қосқанда 16 триллион теңгеге жуық екен. Осы қаражаттың тек қана 6 трлн-нын 3 200 мың ғана зейнеткерге ай сайын зейнетақысына беріп отырса;

1. Қарттарын сыйлаған елде қайғы қасірет болмасы анық.

2. Ата-анасы осылай Үкіметтің қамқорлығына бөленіп жатқан жастар ел ертеңіне сенімділікпен қарайтыны сөзсіз. Қариялардың да өмірге деген құлшынысы арта түсетіні хақ.

3. Үкімет жоғарыда айтылған әрбір мәліметтерге жеке талдау жасап, аражігін ажырата жіктеп, халқына шынайы жеткізсе, әрбір адам мен мемлекеттің арасында мерейлі мүдде сақталары анық. Себебі, халық осы мәліметтердің анығын онсыз да біліп отыр… Біз оны ел ішінде жүрген азаматтар, қоғамдық кеңес мүшесі ретінде сезінеміз. Сол үшін де жазамыз..

4. Әрбір мемлекеттік билік өкілдері, кадр мамандар өзінің адами тұрғыдағы парыздарын өз елінің иесі ретінде ұлт пен мемлекет мүддесі үшін адал атқарса 8 млн 500 мың заңға қайшы әрекет деген көрсеткіш бұдан әлде қайда аз болар еді..

5. 51 220 жұп ажырасты деп кесіп айту қисынсыз. Себебі, бір неше жылдың алдында Еңбек министрлігі 42 500 теңге төлем ақы алу үшін қағаз жүзінде ғана ажырасқан болып бірге тұрып жатқан отбасылардың санын жария еткен болатын. Бұл үрдіс әлі де жалғасып жатпағанына еш кепілдік жоқ.

6. ІІМ-і барлық айыппұлдардың бағасын күрт азайтуы қажет. Жалпы осы миллиардтап түсіп жатқан айыппұлдар қаражаты қайда кетіп жатыр…

Ел шекарасын бұзғандарға бар жоғы 7 мың теңге салынса жай ғана автотұрақтарға уақытша тоқтап қана ақшасын төлей алмай кетіп қалған жанға да 7 мың теңге айыппұл салынады.

7. Қазір республика көлемінде көптеген жолдар ақылы болып кетті. Жол бойындағы сергек және басқа да құралдары тәртіп орнатуға үлес қосып жатқаны құптарлық. Бірақ Полиция департаменті, Әкімшілік полиция басқарма инспекторлары басқа қаланың тұрғындарына сіздің атыңызға нұсқама бойынша айыппұл тіркелді деп ұялы телефон байналысында kaspi.kz желісіне жолдайды. Айтылған мерзімде төлемесе еселенетіні ескертіледі. Ана соманы көрген жанның есі шығып кетеді. Ал жылдамдықты расымен асырды ма, жоқ па оны дәлелдейтін бейне жазба жоқ. Қайта барып іздеу мүмкіндігі және қаражаты болмайды да төлеуге мәжбүр болады. Сонда осындай дәлелсіз айыппұлдар салғаны үшін заң бұзушылықтар мен айыппұл төлем сомасы ІІМ-і көрсеткішіне керек шығар. Халыққа аяушылық деген қайда сонда…

Мінекей термелеп жаза берсең айтарымыз аз да емес. Халықты айыппұлмен қорқытып, үркітіп тәрбиелеу қаншалықты нәтиже беріп жатқаны белгісіз.. Тек, соңы суицид жасау, ұрлыққа, тонауға итермелеу, зорлық-зомбылыққа жеткізу, мемлекетке деген үміт сеніміне күдік ұялату т.с. сияқты келеңсіздік жайттарға кейбір жанды жеткізіп жатқанын жоққа шығара алмайсыз.



Қазіргі жастар немқұрайлылыққа жол бермейді. Көзі де, көкірегі де ашық, білімді де қабілетті, не нәрсенің жақсы жаманын өздері ажырата біледі. Яғни заманына қарай туылған жандар өздерінің қажеттілігіне кімдер кедергі жасайтынын, кім қолдау, қамқорлық танытатынын, өзінің өтірігіне өзі сеніп жүре беретін заманның келмеске кеткенін біз айтпасақ та жетік біледі. Әуелі жіктеп, жіліктеп тұрып түсіндіре біледі. Дәуір осы жастардікі. Сондықтан әрбір жастың өз елі, өз жерінде адал ниетімен қызмет етуіне не жетсін ағайын.

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ОҚУШЫ ОЙЫ

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОННЫҢ ЗИЯНЫ

Қазір еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін гаджетке, телефонға тәуелділік басым болды. Әрине жұмыс, сабақ барысында бұл құрылғылар таптырмас құрал. Бірақ, сәбилердің телефонға деген тәуелділігін баса айтқанымыз жөн болар.



Біріне ермек, ал біріне жұмыс құралы болған смартфондар баланың ойлау қабілетіне кері әсер етеді. Бүгінгі проблеманың бірі – сәбилердің тілі кеш шығып, толыққанды сөздің басын қоса алмауында болып тұр.

Ұялы телефон арқылы түрлі қызмет атқарып, іскерлік мақсатта пайдалану күнделікті жұмыс үшін аса қажет шығар. Ал бесіктегі балаға телефонның маңызы қаншалықты? Өйткені кейбір ата-ана оның зиян екенін ескерместен жыламауы үшін баласына телефон ұстатуға әзір. Смартфондардағы мән-мағынасыз бейнероликтер баланың психикасына кері ықпал жасайды. Бір ғана көз жанарының нашарлауынан бөлек, тілінің мүкіс болуына да әкеліп соғады. Тіпті, бір орында ұзақ уақыт қозғалыссыз отыру әсерінен түрлі физиологиялық дерттерге ұшырауы ықтимал. Бүгінде осындай ата-аналардың қатесінен логопедтерге сұраныс көбейді. Мектеп жасына жеткен баланың сөйлеу қабілеті тіптен нашарлады. Бұл екінші жағынан ұстаздардың да жұмысын қиындатты. Баланы айтпағанда ересектердің өзі көп телефон көрсе бастары ауыратыны бар. Тіпті уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай, ойындағы істерін жасай алмай қалатын кездері болады. Смартфонды тартып алсаң бар агрессиясын көрсетіп, дойыр мінез шығарады. Сондықтан кейін арты опық жеуге әкелмеу үшін телефонға тәуелділікті жою, онымен күресу қажет. Менің жеке субъективті пікірім бойынша баланы басқа да істерге баулып, телефоннан мейлінше аулақ ұстаған жөн болар.

Мөлдір САРЛЫБАЙ,
Талдықорған қаласындағы №11 орта мектептің 11 сынып оқушысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

УТОПИЯЛЫҚ ӘҢГІМЕ



СОҢҒЫ ТРАМВАЙ

2015 жыл.

30 қазан. Ақжар ықшам ауданы.

– Валя, киімдерімді дайындап қойшы.

– Дайын тұр емес пе? – деп етжеңді әйел галстугін тағып жатқан мұның жанына ентігіп келіп қалды.

– Ескісін дайында. Ескі болғанда да Горбачев бергенін… Шифонерде тұр, – деп ері айнадағы сұлбасына сыздана көз тастады. Ұнамайды. Өзіне-өзі ұнаған емес. Валя кемпірдің шифонерді ашып: «Өртеп жіберу керек еді», – деп күңк еткеніне, бұл мырс етті. Кемпірінің, әйел тектінің сатқындығы бейамал.

Күн салқындап қалса да, қыстың сызы біліне қоймаған. Есіктің алдына шығып, таңғы ауамен тыныстап тұр. Қалтасынан шылым шығарып, таң ауасын қимай іркіліп қалды. Темекі тартуға оқталғанын сезіп қойғандай кәрі өкпесі күркілге басқан. Таңғы шылымның алдында осылай жөтеліп, қап-қара қақырық тастайтын. Қызыл өкімет құлағанда «әдеттен» алып қалғаны – осы екеуі. Үшіншісі де бар. Бірақ оны өзі әдетке санамайды. Мүліктен қалғаны – осы үй мен қаладағы пәтері. Сосын, сары Москвич.

Үйренген жөтелі болса да, бүгінгісі тым қатты соқты. Жөтелген сайын лоқсып, көзі жасаурап кеткен. Сыртқы есіктен басын шығарып, тыжырынған Валя:

– Құдай-ай, өкпең түсіп қалмаса болар еді, – деп жекіп алды.

Естімей жүрген сөз емес. Жекілмей жүргені де шамалы… Тек бүгін көкжелкесі құрысып тұр. Егер кілтін салып, жартылай бұрғаннан 412-ші Москвич «гүр» етпегенде Валяның анасы көрінде үш-төрт аунап тұрар еді. Екінші рет шағуға сылтау таппаған кемпір де есіктен қылтиған басын тартып алды. Бүгін оталмай қалса деп еді… Қайбір жылдан бері іштей дайындап, аузын бос байлаған біраз сөз бар. Қайбір жыл деген ұлының иномарка мінгізген жылы. Қырсық шал қырық сылтау айтып, мінбеді. Бұл қырық сылтау тауып көндіргісі келді. Көнбеді. Темірді қойып, тірінің арасы суып үлгеретін уақытта, мұның Москвичіне деген адалдығының ояна қалғанын. Салдабасы шыққыр сары темір… Сол күнге дейін көңілі түссе оталып, көңілі түспесе көк түтінін бір бұрқ еткізіп, жым болатын қырсық шалғыр сары темірдің оталмай қалған күні болмады. «Жиған сөзімді жайғызбай, тілімді байлап қойған құдай-ау, бұ қырсықтың саған қай қылығы жақты», – деп Валя шалымен іштей ұрысып, Құдайдың да құлағын шулатқанын аңғармай қалды.

Москвичтің иесі кемпірінің кәрін шашар жан таппай, өз-өзін шағып жатқанын анық білді. Темекісін тұтатуға енді бір оқталып, бүгінгі арбасуда жеткен жеңісінің тәтті сәтін таңдайына басып, тағы біраз тұрды.

Үлкен жолдың бойындағы үйінің тұсында автобус күтіп тұрған адам қарасы көп екен. Сигналымен аластап, алдын тазартып алып, автобус паркіне қарай сары москвич кетіп бара жатты.

– Иә, Владимир Андреевич, қош келдіңіз! – деп автобус паркінің директоры мұны жылы қарсы алған-ды. Ірі денелі, қолы қарулы жігіт ағасының сөзін бұл түсінсе де, түсінбеген сыңай танытып, еңкейіңкіреп құлағын тосты. Директор айтқан сөзін жалма-жан орысша қайталады.

– Қош делік…

– Не боп қалды? – деп бұл жолы директор түсінсе де, түсінбеген сыңай танытып, оң жақ құлағын тосты. Оның сол жақ құлағының ауыр екенін Владимир Андреевич жақсы білетін. Тіпті мұны директор құлағының жыртығынан да, сол жақ бетіндегі тыртықтан да аңғару қиын емес.

– Парктеріңізге осымен бесінші рет келіп отырмын. Қала әкімдігі менің үйімнен алысырақ жерден аялдама салып бергеніне 3 айдан асты. Ал жолаушылар әлі менің қақпамның алдында тұр.

– Сабыр етіңіз! Әсте-әсте үйреніп кетер.

– Сабырым жетпейді. Жаңадан салынған аялдама мен «жабайы» аялдаманың арасы жүз-ақ қадам. Сол жерге дейін жаяу келе салу қиын ба?

– Сізге ше? Үйіңізден шығып, қақпаңыздың алдынан автобусқа отыра салмай, жүз қадам басып, аялдамадан отырған сізге оңай ма?

– Оңай емес. Бірақ бүйте берсек, атап бассаң аялдама болмай ма? – деп Владимир Андреевич ойын жалғастырмақ болып еді, директор бөліп жіберді:

– Жақсы! Жүргізушілерге ескертемін!

– Иә, олар жолаушыларға түсіндірсін, – деп Владимир Андреевич орнынан тұрып бара жатты да: – Жоқ, болмайды. Осынша уақыт бойы ауызша ескертіп келдім. Арыз жазамын!

– Мінекейіңіз! – деп директор алдында жатқан көп қағаздың бірін «арызданушының» алдына тастады. Владимир Андреевич қағазға үңілді де, директордың өзіне қайтарып беріп:

– Маған орысшасын беріңіз! – деп нығырлады.

– Владимир Андреевич, бізде қазір өтініш, арыздың барлығы қазақ тілінде жазылады.

– Онда үлгісіз таза қағаз беріңіз, – деді сұрланып.

А4 қағаздың беті ала жазуға төгіліп толып, арызданушының аты-жөні әзер сыйды. Директор арыздан оның толық аты-жөнін бірінші рет көрді. «Владимир Андреевич Сююдюков».

Есіктен шығып бара жатқан арызданушы да директордың есігіндегі жазудан оның толық есімін тұңғыш оқыды. «Сүйіндіков Айдар Елдарұлы».

Осы автобус паркіне бес рет келіп, бесінші рет бір ғана оймен шығып келе жатыр. «Қайдан көрді?». Анық есінде. Бұрын, қанша жыл бұрын екені белгісіз, оны бір жерден көргені рас. Есіне түсіре алар емес. Өзін тағы трамвай жүргізушісі ретінде жұбатты. Күніне мұның вагонына қанша адам міне түседі емес пе? Солардың біреуі шығар деп жаба салды. Бесінші рет…

Бесінші рет… тағы жеңіліп шығып келе жатыр. Баяғыда орысша сөйлеп, арыз айтып келген адамның бүкіл өтініші орындалатын еді. Қазір мұның тілін түсінетін адам да азайып кеткендей…

Үйінің қапасынан кіріп келе жатып, далада жайылып тұрған ескі формасын көріп, алабөтен күй кешті. Көмейіне лимон қышқылы тамып кеткендей көзі жасаурап барып, қайта жиып алған. Трамвай тұтқасын ұстағалы бері мұндай әдемі форма кимеген… Иә, киген жоқ. Жауынгердің парадтық формасы дерсің.

Владимир Андреевич үйіне кіріп, теледидарды қосты да диванға қисайды. Ертелі-кеш тек қазақша сарнайтын отандық телеарналардан аттап, жиырмасыншыға көтеріліп келеді. Сол тұстан жоғары шетелдік арналар басталатын. Он үшіншіге келгенде, кенет тоқтап қалды.

Экранда үйір-үйір жылқы шаңдатып барады екен. Олардың үстінен бір қыран ұшып өтті. Міне, қыранның өзі емес, жерге түскен көлеңкесі ғана келеді. Сол көлеңке алып аюдың үстіне төніп келіп, найзағайдай жарқ етіп, аюды ала құлады. Алғашында өз көзіне өзі сенбеген. Қыран, бүркіт туралы біршама білетіні бар еді. Бірақ оның аю алғанын тұңғыш көрді. Одан ары қазақы тазының аң алғанын көріп, тұрқы келіскен аттардың дүбірін тыңдап, ұзақ жатты. Тұлпардың дүбірі оның жүрек соғысымен үндесетіндей. Дүк-дүк, дүк-дүк. Бұл дыбысты ол бұрыннан білетіндей… Бұл дыбыс оның құлағына сіңіп өскендей… Бұл ритм оның жүрегімен бірге соғатын секілді… Иә, иә… Трамвайдың жүрісі ғой бұл. Дүк-дүк. Дүк-дүк. Аттың кісінегеніндей трамвайдың да қоңырауын соғасың. Қайта-қайта. Дүк-дүк. Дүк-дүк… Шылдыр-шылдыр… Шылдыр-шылдыр…

Тұлпардың шабысы мен трамвайының жүрісін үндестіріп қанша уақыт жатқаны есінде жоқ, тек Валя кемпір:

– Асқа кел, Вова, – дегенде шошып оянды. Теледидар жаңалыққа ауысқан екен. Алғашында диктордың оқу мәнерінен орыс тілінде жаңалық тыңдап отырғандай болған. Сәлден кейін қазақша хабар екенін аңдады. Әңгіме трамвайлар жөнінде. Соңғы екі айда болған екі бірдей үлкен апаттың себеп-салдарын анықтап жатыр. Бірі жол кінәлі деді, бірі трамвай жүргізушісін кінәлады…

Бірден өшіріп тастады. Осы жаңалықтан кейін-ақ көңілі бұзыла беріп, жегені желім болды.

2015 жыл. 31 қазан. Трамвай депосы.

Владимир Андреевич таңертең ерте тұрып, Валяның қуырған жұмыртқасынан ауыз тиді. Ескі формасын киіп ап, жеңіс күніндегі ардагердей аялдамада тұр. Ол жұмысына көлігін мінбеуші еді. Тек релспен жүріп үйренген трамвай жүргізушісіне қалада көлік айдау ыңғайсыз. Оның үстіне 1979 жылдан бері айдаған трамвайларының бірінің де педалі болмады. Қолмен басқаратын. Көлік айдағанда үш педаль арасында екі аяғы адасып қала беретін.

Жұмысқа баратын автобусы баяғыша әуелі мұның қақпасының алдына жиналған адамдарды мінгізіп, содан кейін ғана аялдамаға тоқтаған. Ол жерден бұл жалғыз отырды. Көңіл күйін бұзғысы келмей, үнсіз орындықтардың біріне жайғасты. Автобус жүргізушілерімен күнде керілдесетін. Бірақ бүгін емес. Онсыз да езіліп отыр.

Депоға кіре берісте мұны Сұлтан Әбдірахманұлы күтіп алды. Бір кездегі кондуктор, кейіннен жүргізуші әріптес, қазір депо директоры. Жұрттың барлығы оны тек фамилиясымен атайтын.

Зейінов.

Владимир Андреевич Зейіновтің өзіне неге сонша жалпақтайтынын түсінбейтін. Осының ғана трамвайына жаңа бөлшектер алып береді. Осыған ғана айлық сыйақы тағайындауға құмар. Алғашында қысылып, кейін бойы үйреніп кетті. Тіпті үйреніскені сонша, біреу қырын қарай қалса ашуланып шыға келетін. Бәлкім, ол жұмысын да сол үшін жақсы көретін шығар. Бұл қалада өзін жайлы, өзгелерден асқақ сезінетін басқа ешбір жер қалған жоқ-ты.

Зейінов бұған күлімсірей амандасты да:

– Ғадетіңізден жаңылмайсыз-ау.

– Бәлкім, соңғы рет шығар, – деп Владимир Андреевич көңілдегі шын күдігін білдірді.

– Олай демеңіз. Трамвайды уақытша ғана тоқтатады. Релстерге жөндеу жүргіземіз.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

УТОПИЯЛЫҚ ӘҢГІМЕ

– Сенейік… 1937 жылдан бері тоқтамаған трамвай еді.

– Иә, 37 жылдан бері… – деп Зейінов біршама ойланып тұрды да: – Өзі бұл далаға, бұл қалаға 37 жылы екі бірдей зауал келді ғой, – деп барып тоқтады.

Владимир Андреевич бұл сөзді естімегенсіп, сары түсті трамвайына қарай беттеді. Көліктің асты-үстін қараған болып, бригадир әйелді күтті. Қазір келіп, кімнен кейін кімнің жүретінін анықтап беруі керек. Мәселенің шешімі оңай болды. Бүгін линияға екі-ақ трамвай шығады. №4-ші және №6-шы. Екеуі де екі айналым жасап, түске таман депоға оралу керек.

Бірақ Владимир Андреевич тағы екі айналым қосып жаздырды. Бүгін тоқтатылатын трамвайдың енді қашан жолға шығары белгісіз еді. Алғашқы үш айналымын күндіз жүріп өтті де, төртінші айналымды кешкілікке қалдырған. Депоға қайтып оралып, трамвайын айналшықтап біраз жүрді. Өзінің ескі орындығын тауып алып, трамвайына қарсы қарап отырып алған. Бұл орындық сонау 80-жылдардан бері бар. Өйткені ескі трамвайларда жүргізушілерге арналған орындық болмайтын. Тікесінен тік тұрып жүргізуі керек-ті. Ескі «Татралар» еді ғой. Владимир Андреевичке Валя кемпір, ол кезде келіншек, үйдегі бір орындықты қаптап, ыңғайлы етіп жасап берген.

Міне, сол орындығында сары трамвайына қарсы отырған Владимир Андреевич сокваяжынан бір жартылық пен туралған шұжық шығарып, трамвай екеуінің ортасына кішігірім дастархан жайды. Екі стақанға ақтан толтыра құйып, бірін өзі ұстады, екіншісін трамвайға сүйеді.

– Ал, Аннушка! Екеуміздің соңғы сапарымыз үшін алып қоялық, – деп 200 грамдық қырлы стақанды бірақ көтерді. Жұдырығымен мұрнын басып біршама отырды да, «уфф» деп демін қайта шығарып: – Иә, неге соңғы сапар деп сұрауың мүмкін. Менің солай боларына күмәнім жоқ. Өйткені бұл қалада қазір трамвайларды ешкім керек қылмайды. Расын айтқанда қаланың ескі аудандарында тұратын өзім қатарлы шал-кемпірлердің ғана мінер көлігіне айналған. Өзі аз, жүру арасы ұзақ. Бір трамвайға үлгермесең, екіншісін күтудің өзі ақымақтық. Жо-жоқ, Анна! Оған сен кінәлі емессің. Оған… Оған… Жә, қойшы. Екеуміз саясатқа барыспайық. Кел, одан да тағы алып қоялық, – деп шөлмекті қолына ала бере трамвайына қарады: Сен қазір жолға шығады екенсің ғой… Ішпей-ақ қой, – деп оған тірелген стақанды өзі ұстады. – Сен ренжіме! Мен бүгін өмірімде бірінші рет трамвайға масаң отырамын, – деп көтеріп салды.

– Анна? Сені не үшін осылай атайтынымды білесің бе? Білмейсің, әрине. Мені ескі трамвайымнан ауыстырып, саған отырғызған кезде, ұнатпаған едім. Түсінесің ғой, сен немістің, біздің санамызға менің отаным сіңіргендей, фашистің қолында жасалған көліксің. Сол үшін ұнатпадым. Бірақ кейіннен ойландым. Отанымның жауының сұлу қызын өзіме ғашық етіп, тізгінін ұстағаным жеңісім болмай ма? Міне, сондықтан мен саған алғашқы махаббатымның есімін бердім. Алғашқы махаббатым дегенім, қыз емес. Ол да трамвай еді. Ескілікте осы қалада ең алғаш ашылған трамвай линиясын «А» линиясы деп атаған. Ол жолмен жүретін трамвай да «А» деп аталды. Сол кездегі тұңғыш трамвай жүргізушісі романтиктеу болса керек, «А» нөмірлі трамвайын «Анна» деп атап кеткен. Оның шәкірті де трамвайын осылай атады. Ол шәкірт менің ұстазым болды. Осылай үш ұрпақ бойы біздің қалада «Анна» атты трамвай жер тепкілеп жүрген еді. Бірақ ол туралы ешкім білмейді. Барлығы трамвайдың нөміріне ғана қарайды ғой. …Анна, түсінесің бе? Бұл қала екеумізді жатсынып жатыр. Қала орнында, халық көшіп кеткен жоқ. Бірақ бұлар біздің өзегіміздің теппекші. Түсінесің бе, мына халық өздері сонша жақсы көретін жануарының шабысын еске түсіретін көлікті құртқысы келеді… Дүк-дүк… Дүк-дүк…

Владимир Андреевич бүкіл эмоциясын жиып, тұмандана бастаған санасын оятып алды да, кешкі сегіз жарымдардың кезінде жолға шықты. Қала көшелері күңгірт тарта бастаған екен. Жарығын қосып алды.

Байтұрсынов көшесімен баяу көтеріліп келеді. Ол осы жолмен енді ешқашан жүрмейтінін жаңа ғана ұғынғандай… өксігін әзер тежеді. Барлығы таныс. Көзіне сіңісті, мына жолдың әрбір қиылысында, әрбір аялдамасында естелігі бар.

…Әне анау жерде Валямен тұңғыш кездескен. Кездескенде екеуі әйнектің екі жағында тұрып көрген еді бір-бірін. Ол кезде бұл ескі «татраның» рөлінде. Ол трамвайдың айналасы тұтас «табалдырық» еді. Адамдар жұмыстан қайтып, вагон ішіне сыймай кеткенде көбі осы табалдырықтарға міниып, сыртқы ұстағыштардан ұстап тұрып алатын. Валя да қыздар университетіндегі сабағынан жүгіре шығып, дәл жүргізушінің қапталындағы табалдырыққа тұра қалды. Владимир Андреевич оны көрген кезде трамвай терезесінің ағаш жақтауларын картинаның жақтауы, ал Валяны кенепке салынған картина деп елестеткен.

Трамвай Байтұрсынов көшесінен Шевченко көшесіне бұрылар тұста бағдаршамның қызыл түсіне тоқтады. Студент қыздар жүгіріп өтіп барады. Жатақханадан желең шыққан ба, күз суығы тоңдырып бара жатқан сияқты. Жүргізуші жасыл жанғанын байқамай, іркіліп қалды да, ту сыртынан басылған сигналдардан шошына қайта жылжыды. Рөлдегі Владимир Андреевич жүргізу рычагінің сабын қысыңқырап ұстады да:

– Ех, Анна, Анна, – деп рычакты алға итеріп, біреу қуып келе жатқандай жүрісін үдете түскен еді. Иә, оны шынында біреу қуып келе жатты…

1986 жыл. 17 желтоқсан. Космонавтов-Шевченко көшелерінің қиылысы.

Владимир Андреевич соңғы айналымға шығардан бұрын қала жастарының алаңға жиналып жатқандығы жайында әңгіме болған еді. Басы жас жігіт бұл соңғы айналымды жұмыс үшін емес, қызық үшін жүріп өткісі келген. Және басшылықтан арнайы тапсырма түсті. Жолда жүрген студенттерді көлікке отырғызуға болмайды.

Владимир Андреевич пен оның кондукторы Сұлтан Зейінов осылай жолға шыққан. Алғашында кондукторды ауыстыру туралы әңгіме болып, кейіннен бәрін өз қалпында қалдырды. Космонавтов көшесімен Шевченко көшесіне жеткенше жолаушы жоқ екен. Бүгін бәрі ерте қайтып кеткен секілді. Олар аялдаманың бәріне тоқтап, заңымен жүріп келе жатқан болатын. Кенет көшенің сол жақ, Масаншы көшесі жағынан жалғыз жігіт 5-6 қызды ерте жүгіріп шығып, трамвайдың алдын орай есікке жармасты. Бұл есікті ашып еді, палтосы мен шашына тұтас мұз қатқан бойжеткен қыз:

– Ағатай, ала кетіңізші, – деп аяғын табалдырыққа сала берген сәтте бұл есікті жаба қалды. Қыздарды ертіп жүрген жігіт қарулы екен, ауа қысымымен жұмыс істейтін есіктерді екі жаққа кере ашып, ішке кіре бергенінде трамвай дөңгелегін бұрайтын кілтпен бұл да бірақ ұрған еді. Қайта кілт қырымен емес, жалпағынан тиген. Жігіттің сол жақ беті мен құлағынан қан сау ете қалғанынан өзге бұл ештеңе көрмеді.

Алғашында үрпиіп, не істеп қойғанын өзі білмей, Зейіновке бұрылған.

– Өзіне де сол керек! Несі бар алаңда? – деп оның екіленіп тұрғаны мұны таңғалдырды. Негізінде Владимир Андреевич адам ұрғанына емес, Зейіновтің ұлтының адамын ұрғанына тосылып қалған еді. Ал оның түрі мынау. Бойы жеңілдегенімен, іштей арпалысқа түсіп, қаланың түнгі көшелерін тепкілеп келеді.

Ертесі күні депоға бірнеше адам суыт келіп, Зейінов екеуін директорға алдырды. Сауалдары қысқа. Әскерилер екені көрініп тұрған. Бұл екеуінің ұққаны бойынша кешегі бұларға жолыққан жігіт-қыздар ұсталмапты. Ішіндегі біреуі: «Қайда барады? Ұстаймыз әлі», – деп түйіліп отыр. Сонымен Зейінов екеуіне тапсырма берілді.

Бүгін түнгі айналым кезінде әр аялдамадан бұлардың вагонына қарапайым киінген бірнеше адам отырады. Қарапайым адамдарша билет алады. Сонымен Орбита ықшам ауданына дейін барып, сол жердегі пәтерлерден өздеріне керекті адамдарды іздейді. Әрине, ол қарапайым киінгендер әскерилер болатыны бесенеден белгілі.

1986 жыл. 18 желтоқсан. Орбита ықшам ауданы.

Түнгі айналым кезінде трамвайға көп адам отырмаушы еді. Бірақ бүгін олардың қарасы көп. «Олардың» кім екенін Зейінов екеуі де жақсы біледі, әрине. Сыр берместен Орбита ықшам ауданына жетті де, кезекті үш аялдамадан «қарапайым киінгендерді» үш бөліп тастап, соңғы аялдамада тұрып қалды. Трамвай бұзылғандай, оны-мұнысын шұқыланып жүрді де қойды.

Қыс ауасы тып-тынық. Тіпті оншақты көше төменде жүріп бара жатқан трамвайдың тақылдаған үні келеді құлаққа. Осы тыныштық Зейінов екеуінің де арасына орнап алған секілді. Не айтады? Ол не ойлап жүр? Не дегенмен өзінің бауырлары емес пе?

Бүкіл қаланың, екеуінің де арасындағы тыныштықты шыңғырған, айқайлаған адамдардың үні бұзып кетті. Аялдама жанындағы үйлердің терезесінен жігіттер секіріп, қыздарды жеңіл жамылғыларды арқан етіп түсіріп жатты. Бұл екеуі не істерін білмей аңтарылып тұрған сәтте, тапал бойлы мұртты жігіт жүгіріп келді де:

– Олар тағы қай үйлерге кірді? Қай жаққа қарай қашамыз? – деп жалыныштү үн қатып еді, бұл міз бақпастан:

– Мен сіздің тіліңізді түсінбеймін, – дей салды. Мұртты жігіт көздері жарқ етіп, ұрып жіберуге оқталғанда артынан бір қыз:

– Қали, қаш жылдам. Қуып келеді, – деп айқай салған. Артына бұрылып еді «қарапайым киінген» біреу жүгіріп келеді екен. Әлгі жігіт оған қарсы жүгірді. Екеуі жол жиегінде түйіскен сәтте «қарапайым киімдіге» мұртты жігіт жұдырық сілтеп үлгерткен жоқ. Бірінші ұрды және қайтып тұрмастай етіп құлатқан еді. Ол кері бұрылып өз тобына қарай жүгіре жөнелгенде, Владимир Андреевичтің де делебесі қозып кеткен еді. Ол да біреуді ұрғысы келді. Біреумен жауласқысы келді. Бірақ табыла қалар жау қайда?

2015 жыл. 31 қазан. Орбита ықшам ауданы.

Владимир сол баяғы аялдамада тұр. Осыдан 29 жыл бұрын «қарапайым киімдіні» мұртты жігіт сұлатып салған аялдамада. Ол осы сәтте Зейіновті шын жек көретінін сезді. Бұл бұрыннан қалған сезім бе, жоқ жаңа пайда болды ма, белгісіз. Мүмкін баяғы төбелеске араласпағанына жыны келді ме? Қорғауы керек еді ғой…

Өзін ойлады.

– Анна, мен осы кіммін? Иә, трамвай жүргізушісі екенімді, екі баланың әкесі, бір пәтер, бір дачаның иесі екенімді өзім де білемін. Бірақ мен өз әкемнің кім екенінен хабарым жоқ адаммын ғой. Анамды да көргем жоқ. Детдомдағылар анамның төлқұжатын ғана ұстатты қолыма. Өзге ештеңе қалмаған. Тәрбиешілердің айтуынша анам әкемнің тегін алған екен. Сююдюков. Бірақ бұл фамилияның да шын қалай жазылатынын білмеймін. Анамның құжатындағы тегінің үшінші әрпі белгісіз. Не «ю» секілді емес, не «н»-ға ұқсамайды. Бірақ бала жасымда бұл мені аса ойландыра қойған жоқ. Әкем ретінде анамның әкесінің атын, тегіме сол кісінің тегін жаздырып ала салдым. Әкем де, шешем де болған Отаным деп жұмыс істедім. Ал қайда қазір сол Отан? Не айтқың келіп тұр, Анна? Шет елге кет деймісің? Сен айтып тұрған шет ел мені қойып, баламды да қабылдамады ғой. Кәсібі мен жұмысын тастап қашып келді емес пе?

2015 жыл. 31 қазан. Ақжар ықшам ауданы.

Ол жұмыстан мұнша ауырлап қайтқан кезі болмаған. Соңғы автобустардың біріне отырып, үйінің қарсы бетіндегі аялдамадан түсіп қалды. Сол баяғы қақпасының алдында адамдар топырлап тұр екен. Шеткері тұрған жігітті түртіп:

– Балам, анау аялдамаға барсаңшы, – деп еді ол құлағындағы құлаққабын шешіп:

– Не дейсіз? – деп бажырая қарады. Бұл сөзін қайталап еді:

– Кешіріңіз, сіздің тіліңізді түсінбеймін, – деп кері бұрылып кетті.

Үйіне немересін ертіп ұлының отбасы келген екен. Кішкентай бала атасын жүгіріп келіп құшақтай алған.

– Ата, біз бүгін Абай деген ақынның өлеңін жаттадық, – деп бала шүлдірлеп ала жөнелді. Атасы не айтарын білмей, немересінің арқасынан қаға салған. Кешкі асқа қарамай, бөлмесіне кіріп кетті. Сонда да болса немересі тыныштық берер емес. Бір келгенінде қолына глобус ұстап кіріпті.

– Ата, біз бүгін глобус туралы оқыдық. Сізге түсіндіріп берейінші. Мынау Еуразия материгі, мынау Азия бөлігі. Осы Азия бөлігіндегі мына жер біздің Отанымыз. Дұрыс қой, ата?

– Иә, балам. Бұл – сенің Отаның, – деп атасы қысқа қайыра салған.

– Сіздің де Отаныңыз ғой.

– Менің отанымды глобустан іздеп таба алмайсың, балам, – деп немересінің басынан сипады да: – Апаңа, бара ғой, – деп шығарып салды.

Жүрегінің соғысы жиілеп барады. Дүк-дүк… Дүк-дүк… Ненің үніне ұқсайды? Аттың шабысына ма? Жоқ, трамвайдың жүрісіне ме? Дүк-дүк… Дүк-дүк…

Жатар алдында шоқынар еді. Әлі кеткен қолдарын маңдайына әзер апарып: «Во имя отца…» – деп құдайды ойлады да, оның ұлы мен қасиетті нұрына жете алмай, қолы сылқ құлаған.

Тұманданған ойлары мен үзік-үзік кадрлар арасынан баяғы өзі ұрған жігіт көлбеңдей бергенде, үйінің жанындағы «жабайы» аялдамаға автобустың тормозы шиқылдап келіп тоқтағанын естіді. «Ертең автобус паркіне тағы барамын» деп бекіген. Кондуктор айқайлап жатыр.

Ол осы сәт көзі ілініп бара жатып бір ғана нәрсені ойлап дал болды:

«Кондуктор аялдамаларды қай тілде хабарлап жатыр?..»

2015 жыл. 1 қараша. Қала.

Осы күннен бастап қала көшелерінен ешкім трамвай көрген жоқ. Бұл қаланың көшелерінде енді ешқашан ат дүбіріндей дүрсілдетіп трамвайлар жүрмейді. Олар енді ешқашан бұл қаланың көшелерінде кісінемек емес…

Владимир Андреевич те өзінің Аннасын деподан енді айдап шықпайды. Тіпті ол бұл күні үйінен де шыққан жоқ. Төсегінен де тұрмады. Оны сол жатқан қалпында соңғы сапарға шығарып салады енді…

2015 жыл. 2 қараша. Райымбек көшесінің бойы. Құлпытас жасайтын цех.

– Ей, Берік! Сен өзі әріп танисың ба? «Сюндюков» дегенің не?

– Баласы дұрыстап жазып бермей ме? «Ю» ма, «н» ма түсініксіз. «Сююдюков» деген адамның тегін ешқашан естіген емеспін. Ал Сүйіндіков дегенді білемін, – деп құлпытас оюшы бастығына қарап еді ол:

– Білгенің бар болсын, кісінің аты мен әкесінің атын оқысаңшы, – деп кейіп кетті. – Жә, қойшы. Жаңасын жаса жылдамдатып.

– Мына бүлінгенді не істейміз?

– Құрылыс компаниясына өткізу керек. Анау күні еденге төсеуге керек деп сұрап келіп еді ғой…

– Суретін қайттік?

– Олар да ақымақ емес шығар. Теріс қаратып төсейді. Бол-бол жұмысқа кіріс. Тапсырыс көп, – деп бастық асыға басып жүріп кетті.

* * *

Алматы трамвайларының барлығын Өскемен қаласы сатып алған. Владимир Андреевичтің «Аннасы» да сонда қазір. Өзге қаланың көшелерінде «кісінейді».

Владимир Андреевичтің бүлінген құлпытасы да Аннаның артынан Өскеменге кеткен. Сәйкестік пе? Әлде темір мен адамның бір-біріне шын ғашықтығы ма екен? Жалпы осындай ғашықтық бола ма?

Бізге белгісіз.

Ал Владимир Андреевичтің бүлінген құлпытасын Өскемен қаласындағы «Әсем» сауда үйінің еденінен көруге болады…

Досхан ЖЫЛҚЫБАЙ
qazaqadebieti.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОЛЕЗНАЯ ВСТРЕЧА

ЧТО ОЖИДАЕТ БИЗНЕС В НОВОМ ГОДУ?

ПРОВЕРКИ, МОБИЛЬНЫЕ ПЕРЕВОДЫ, ДЕКЛАРИРОВАНИЕ: ЧТО ОЖИДАЕТ БИЗНЕС В НОВОМ ГОДУ? НА ПЛОЩАДКЕ НИИ «АЛМАТЫГЕНПЛАН» ПАЛАТОЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ БЫЛА ПРОВЕДЕНА ВСТРЕЧА С ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМИ С УЧАСТИЕМ ДЕПАРТАМЕНТА ГОСДОХОДОВ, ПРОКУРАТУРЫ, УПРАВЛЕНИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И ДРУГИХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ И УПОЛНОМОЧЕННЫХ ОРГАНОВ ГОРОДА, А ТАКЖЕ 200 СУБЪЕКТОВ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА, - СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.



«Как известно с 1 января 2024 истекает срок моратория на проверки МСБ. В связи с этим в палату предпринимателей от бизнес-сообщества поступают обращения о проведении разъяснений и консультаций с предстоящими проверками со стороны уполномоченных и фискальных органов. Мы сегодня собрались, чтобы узнать, как предстоит работать бизнесу в новых условиях. Также затронем вопросы III этапа декларирования. Ответим на вопросы предпринимателей», – сказал управляющий директор РПП г. Алматы Нариман Ибрагимов, отрывая семинар-разъяснение.



В ходе встречи поднимался вопрос будущих проверок госорганов и предстоящего завершения моратория. Предприниматели опасаются массовых проверок со стороны СЭС, пожарной безопасности и т.д. Первыми свои проблемы подняли представители магазинов у дома.

«Мы представители микробизнеса. По социально значимым продуктам нам нельзя превышать 15 процентов от стоимости. Нас все время проверяют на необоснованно завышение цен. Сначала предпринимателей предупреждают. А потом штраф более 30 тыс. тенге. То есть по всем социально значимым товаром, будь то дорогое итальянское масло, везде надбавка только 15%. Но такие требования только к магазинам у дома. Уверен, что крупные торговые сети не подвергаются таким требованиям», – сказал Алипбек Даулет владелец минимаркета «Атриум».

Владелец еще одного магазина у дома Раушан Касымкызы пожаловалась на незаконные проверки без акта проверки.

«Мораторий истекает. Значит проверки участятся. Мы магазинчики, у которых есть большие долговые тетради, так помогаем населению, в ркедит продукты не даем. Но и у нас есть кредиты, семья. А если нас будут раз за разом штрафовать мы не сможем работать», – сказала владелица магазина Раушан Касымкызы.

Старший прокурор отдела ДКПСиСУГПРК по г. Алматы Олжас Джумабаев отметил, что любые органы контрольного надзора должны зарегистрировать проверку.

«Орган должен предоставить акт назначения проверки и проверочный лист назначение проверки. Предприниматель должен ознакомиться с актом назначения проверки и проверочным листом. Если он не согласен с актом назначения проверки, то он может обратиться в органы правовой статистики, вышестоящий орган и в суд дальше. Если проверки будут без санкций, то контролера будут наказывать по закону», – сказал Олжас Джумабаев.

В этом направлении Прокуратура города Алматы и региональная палата предпринимателей запустила QR-код в телеграм канале. Через код можно сообщить какой госорган пришел на проверку, какой тип вопроса и что запросили у предпринимателя. Так предприниматель напрямую дает сигнал прокуратуре и Палате предпринимателей о том, как проводится работа со стороны госорганов.

«Государственные органы отвечают на все вопросы наших предпринимателей, где даются разъяснения касательно проверок. Не будет массовой проверки, не будет массовой паники. Сейчас все будет в плавном варианте представлено для предпринимателей для того, чтобы они могли получить те разъяснения, которые у них возникли. Прокуратурой города Алматы создан телеграмм канал, где фиксируются все выезды либо приходы госорганов, – объяснил Нариман Ибрагимов.

Вопрос дефицита хлеба «Аксай нан» поднял директор ИП «Құнанбай» Хавалхан Кунанбай.

«Хлеб «Аксай нан» не доходит до магазинчиков. А спрос среди населения большой. Работаем с несколькими пекарнями, но ассортимент хочется предоставлять. Весь объем забирают крупные торговые точки города. Просим решить вопрос доставки хлеба магазином у дома», – сказал предприниматель.

По официальным данным потребность по социальному хлебу полностью обеспечивают хлебопекарные предприятия города – ТОО «ХБК «Аксай нан», ИП «Баширов», ТОО «Рузи Нан», ТОО «ХБК Алматынан» и ТОО «ДариНан».



Большой интерес и живое обсуждение, наряду с общими вопросами, возникающим по другим госорганам, вызвали обсуждения изменений в налоговом секторе.

Так были затронуты вопросы налогового администрирования, изменений, касающихся проверок, предстоящего всеобщего декларирования, превышения НДС, розничного налога, а также вопросы по невыдаче фискального чека.

«Сейчас в торговых точках предприниматели вывешивают уведомления о том, что с начало нового года не будут принимать оплату через мобильные переводы. Разъясните пожалуйста, как нам дальше работать?», – задала вопрос представитель гостиниц города.

Руководитель управления администрирования ИП ДГД города Алматы Нурлыбек Успанов напомнил, что Приказом Министра финансов РК от 29.03.2022г. №323 установлены правила представления сведений банками физических лиц, имеющих признаки предпринимательской деятельности.

«Если вы предприниматель, не работайте со счетами физических лиц. Признаком предпринимательской деятельности является получение одним физическим лицом в течение каждого из трех последовательных календарных месяцев от 100 и более разных лиц денежных средств на банковский счет. Поэтому счет по оплате должен быть предназначен для осуществления предпринимательской деятельности», – сообщил Нурлыбек Успанов.

Обсуждения были консолидированными как со стороны госорганов, так и со стороны населения и субъектов предпринимательства и были даны конкретные ответы по всем интересующимся вопросам.

Ш. ХАМИТОВ.

К СВЕДЕНИЮ ВОДИТЕЛЕЙ

В КАЗАХСТАНЕ УТВЕРДИЛИ ПРЕДЕЛЬНЫЕ ЦЕНЫ НА АВТОГАЗ



Приказом министра энергетики от 22 декабря 2023 года утверждены предельные цены розничной реализации сжиженного нефтяного газа в рамках плана поставки на внутренний рынок вне товарных бирж для автогазозаправочных станций на территории республики, сообщает Zakon.kz.

Так, предельная розничная цена с НДС за 1 литр составит:
Астана — 76 тенге;
Алматы — 81 тенге;
Шымкент — 64 тенге;
Алматинская область, СКО — 81 тенге;
Атырауская, Актюбинская, Мангистауская области — 54 тенге;
Акмолинская область, ВКО, Костанайская, Карагандинская обл. — 76 тенге;
Жамбылская область — 71 тенге;
Западно-Казахстанская, Кызылординская, Туркестанская обл. — 64 тенге;
Павлодарская область — 74 тенге.
Абайская, Жетысуская, Улытауская области — 76 тенге.

Также утверждены предельные розничные цены для отдаленных районов (свыше 200 километров) от областного центра.

Приказ вводится в действие с 1 января 2024 года.

Бейсенбі - Четверг, 4 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 13.00, 15.00,17.00,20.00,00.35 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.00, 20.30 «Құдаша қыз»
13.10 Мультфильм «Кішкентай су перісі Ариэль»
14.20,03.05 «Бірегей»
15.15 «Қызық екен»
16.05, 04.40 «Бізбен бірге»
17.10 «Көңіл толқыны»
21.30 Т/х «Алданған арман»
22.30 Жарқын жүздесу
01.10 «Сана»
03.35 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00,01.00 ҚР Әнұран
05.05 Сборник «Әсе әндер»
06.00 Мультфильм «Не бей копытом»
07.00 Кино«Пираты карибского моря: на краю света»
10.00 Мультфльм «Пчелка Майя»
11.30 Мультсериал «Гав-мяу»
12.00, 20.00 Т/х«Шерлі жүрек»
14.00 Кино «Келинка тоже человек-2»
16.00, 00.15 Х/ф «Елки-3»
18.00 Новости
18.15 Жаңалықтар
18.30 Кино «Хотя бы в кино
21.45 Кино «Пираты карибского моря:На странных берегах»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-3»
09.50 Сериал «Ангел-хранитель»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
13.00, 23.15 Т/х «Дастан»
13.50,00.10 «Бақыттың кілті»
16.00 «Өз үйім» Т/х
16.30 Сериал «Узнай меня, если сможешь»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
08.00, 04.00 «Паутина»
08.15 «Огонь,вода... и медные трубы»
09.45 «Наша Маша и волшебный орех»
11.00Сериал «Казанова»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.35 Басты жаңалықтар
19.00, 02.50 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.30 Х/ф «Не плачь по мне, Аргентина»
00.15 Х/ф «Пурга»
01.50 «Что? Где? Когда?»

КТК

07.05, 19.30,04.30,04.30 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00Т/х «Құпия қобдиша»
09.40, 21.00 Вечерние новости
10.00,01.10 «Было дело»
11.10,21,40 «Любовь веры» мелодрама
15.00 «Өмірдің өзі новелла» өзбек т/х
17.00 «Қыл үстінде тағдыр» өзбек т/х
20.00,01.55 «Астарлы ақиқат»
02.40 «Құпия қобдиша» түрік-өзбек т/х

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Әсем әуен»
14.30 «Архивтегі ақиқат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Олжа»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 Әзіл студио
07.20, 20.00 Информбюро
08.10, 21.00 Т/х«Чукур»
09.40 Сериал«Немного женаты»
11.10 «Тік Ток» шоу
11.50 Мультсериал «Маша и медведь»
13.30 «Один дома-4»
15.00 «Один дома-5»
16.40 Кино «Из парижа с любовбю»
18.20 Кино «Джеки Чан» «Доспехи бога»
22.40 Кино«Здравствуй, папа, новый год!»
00.20 «31 әзіл»
02.00 Ризамын
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.20, 23.00 «Айна онлайн»
08.10, 00.20 «Бастық баламын»
09.00,16.00 Әзіл Тайм
10.10 Х/ф «Каникулы OFF-LINE»
12.00 Сериал «Все равно тебя дождусь»
17.20, 00.00 Шоу «Маска»
20.10 Х/ф «Каникулы OFF-LINE-2
22.00Х /ф «Гостья»
02.40 «Келесі кім?»
03.10 Т/х «Япырай»
04.00 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 5 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.15 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00,13.00, 15.00, 17.00, 20.00,00.10 AQPARAT
07.00 «Tansholpan» тікелей эфир
10.10,18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.00, 20.30 Т/х «Құдаша қыз»
13.10,02.35 «Бірегей»
14.00,03.20 «Мергендер мекені»
15.15,22.30 «Жарқын жүздесу»
17.10,01.45 « Bizben birge…»
21.30 Т/х «Алданған арман»
00.40 «Сана»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00 Т/х «Әсем әндер»
05.30 М/ф «Пчелка Майя: медовый движ»
07.00 Кино «Пираты карибского моря: на странных берегах»
10.00 М/ф «Как поймать перо Жар-Птиц»
11.20 М/с «Гав-мяу»
12.00,20.00 Т/х «Шерлі жүрек»
14.00 Кино «Хотя бы в кино»
16.00,00.15 Х/ф «Елки-5»
18.00 Новости
18.15 Жаңалықтар
18.30 Кино «Хотя бы в кино-2»
21.45 Кино «Пираты карибского моря: мертвецы не рассказывают сказки»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене» үнді
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
07.20 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Осман-4»
09.50 Сериал «Ангелхранитель»
11.00 «Кеш келген махаббат» үнді т/х
13.00, 23.15 Т/Х «Дастан»
13.50,00.10 «Бақыттың кілті»
16.00 «Өз үйім»
16.30 Сериал «Узнай меня, если сможешь»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша CITY»
07.00 «П@утина»
08.00 «Марья –Искусница»
09.20 «Француз»
11.10 Х/ф «Елка на миллион»
14.30 «Қослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.30 «Поле чудес»
21.40 Сериал «Персональный Ангел»

КТК

07.00 Әнұран
07.05,19.30,04.00,04.30 Кешкі жаңалықтар (Қайталау)
07.30 «Жан жылуы», Корей т/х
08.00,02.40 «Құпия қобдиша» т/х
09.40 Вечерние новости (Повтор)
10.20,01.10 «Было дело»
11.10 «Любовь веры» мелодрама
15.00 «Өмірдің өзі новелла»
17.00 «Қыл үстіндегі тағдыр»
20.00,01.55 «Дау дамайсыз»
20.35,02.20 «КТК веб»
21.00 «Вечерние новости»
21.40 «Выше только любовь» мелодрама

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арманым»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Ел қамы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел іші - өнер кеніші»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Экономtime»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 М.Егінбаевтың концерті
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ӘНҰРАН
06.00,03.30 Әзіл студио
07.20,20.00 Информбюро
08.10,21.00 Т/х «Чукур»
09.40 Сериал «Немного женаты»
10.40 Time Vine
11.20 TIK TOK show
11.50 М/с «Маша и медведь»
13.10 Кино «Один дома-5»
14.50 Кино «С новым годом, девчонки!»
16.20 Кино «Доспехи бога»
18.00 Кино «Доспехи бога-2»
22.40 Кино «Обитель зла-3»
00.10 «31 ӘЗІЛ»
01.40 ,05.00 «Ризамын»
02.20,04.30 «Whatsup?»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Batlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.20 «Айна online»
08.10,02.00 Т/х «Бастық баламын»
09.00,16.00 Әзіл Time
10.00 Х/ф «Каникулы OFF-LINE-2»
12.00 Сериал «Хрустальная мечта»
17.20,00.00 Шоу «Маска»
20.10 Х/ф «Каникулы OFF-LINE-3»
22.00 Х/ф «Век Адалин»
02.50 «Келесі кім?»
03.40 «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 6 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.05 Әнұран
06.05,01.30 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
07.05 «Жарылқа Жаңа жыл!»
08.20,23.00 «Жарқын жүздесу»
10.00,18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.00 «Қазақстан дауысы» Финал
14.00 «Қазақстан дауысы»
14.40 «Әнім сен едің...»
16.35 М/ф «Мейірімді динозавр»
20.00 «Үйде жалғыз қалғанда-3»
21.30 «Үйде жалғыз қалғанда-4»
01.00 «Шаңырақ»
01.50 «Күй-керуен»
02.20 « Дала дәмі»
02.40 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 ,01.00 Әнұран
05.00 «Кім мықты?»
07.00 Концерт «DasTOUR»
09.00 «Сарбаз»
10.00 Кино «Пираты карибского моря: мертвецы не рассказывают сказки»
12.30 М/ф «Иван Царевич и Серый Волк-3»
13.45 М/с «Гав-мяу»
14.00 Кино «Хотя бы в кино-2»
15.45 «Қызық таймыс»
16.45 Т/х «Келінжан»
19.00 «Cover show»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
21.40 Кино «Убийство в восточном экспрессе»
00.10 «Әсем әндер»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене» үнді
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
08.20 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Осман-4»
09.50 Х/ф «Келинка тоже человек»
11.40 Х/ф «Келинка тоже человек-2»
13.20 «Алтын домбыра»
16.45 Худ.фильм «Семьянин»
18.15 Худ.фильм «Бизнес по Казахски в Корее»
20.00 «Sarap Times» апталық сараптамалық
21.55 «Лакшми» т/х
23.15 Худ.фильм «Солдат Джейн»

ЕВРАЗИЯ

06.00,04.00 «Тамаша CITY»
08.00,03.25 «П@утина»
08.55 Х/ф «Бедная Саша»
10.40 Сериал «У вас будет ребенок»
14.30 Х/ф «Назад, к счастью, или кто найдет синюю птицу...»
16.25 Х/ф «Тайна»
17.55,02.25 «Dastarhan»
19.00 «X FACTOR»
20.45,23.30 Х/ф «Деда мороза не бывает»
23.00 «X FACTOR»
00.40 «Фантастика»

КТК

07.00 ӘНҰРАН
07.05 «КТК» Қоржынынан»
07.30,02.10 Операция «Алтын адам»
09.00,03.30,04.30 «КТК-да Кабатов»
10.00 Вечерние новости
10.40 « Следствием установлено»
11.10 «Выше только любовь» мелодрама
15.00 «Өмір сынақ»
17.00 «Кел, шырқайық!»
19.10 «Шаншар»
21.00 « Когда меня не станет» мелодрама
00.40 «Портье.Мальчик на побегушках» комедия

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Экономtime»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ел мен жер»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Олжа»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00,03.40 Әзіл студио
07.00,04.10 BalaFunny
07.30 Күліп ал
08.00,02.20 «31 ӘЗІЛ»
08.30 Тикток шоу
09.00 Тайм вайн
09.30 Готовим с Адель
10.00 «Алдараспан»
12.30 Кино «Здравствуи,папа,новый год!»
13.45 Кино «Келинка тоже человек-2»
15.30 А/ф «Ральф против интернета»
15.25 Кино «Перси Джексон и похититель молний»
19.30 Кино «Мстители.Война бесконечности»
22.05 Кино «Евротур»
23.40 «Біздің шоу»
03.20,04.30 «Whats up?»
04.00 «1001 әзіл»
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.10 Концерт «Bile»
09.00 «Измайловский парк»
12.10 Сериал «Все равно тебя Дождусь»
16.10 Х/ф «Век Адалин»
18.10 Серік Ибрагимовтың концерті
20.30 Сериал «Почти семейный детектив»
00.10 «Ringo»
02.00 «Келесі кім?»
02.50 « Жеңіп көр»
04.20 «Япырай»

Жексенбі - Воскресенье, 7 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.00,03.55 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 «Көңіл толқыны»
07.00,01.00 «Тақиялы періште»
08.35 М/ф «Мейірімді динозавр»
10.00,18.00 « Қилы күндер»
12.00 «Үйде жалғыз қалғанда-3»
13.30 «Үйде жалғыз қалғанда-4»
15.00 «Жақсылықпен кел, Жаңа жыл-2024!»
20.00 «Үйде жалғыз қалғанда-5»
21.30 «Әзіл әлемі»
23.00 «Берекелі жыл болсын»
02.35 «Отандық брент»
02.50 «Ауылдастар»
03.15 «Күміс көмей»

ХАБАР

05.00,01.00 Әнұран
05.00 «Кім мықты?»
07.00 Концерт «Өмірім-өнерім,өнерім-өрісім»
08.00 «Оянған өлке»
10.00 Мегахит. «Убийство в восточном экспрессе»
12.00 М/ф «Три богатыря. Ход конем»
13.15 М/ф « Гав-мяу»
14.00 «Cover show»
16.00 «Келінжан»
18.15 «Алғашқы»
19.30 «Қызық times»
21.00 «7 күн»
21.40 Кино «Рождество на льду»
23.40 «Әке бақыты»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене» үнді
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
08.20 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00 Т/х «Осман-4»
09.50 Х/ф «Замуж в 30»
11.40 Х/ф «Пять причин не влюбиться в казаха»
13.20 «Алтын домбыра»
16.00 «Жұлдызбысың»
17.00 Худ.фильм «Солдат Джейн»
19.15 Х/ф «Районы»
21.55 «Лакшми» т/х
23.15 Жұлдызды жекпе-жек
01.00 Х/ф «Семьянин»

ЕВРАЗИЯ

06.00 « Тамаша CITY»
08.10, 03.35 «П@утина»
09.00 «Воскресные беседы»
09.15 М/ф «Золушка»
10.40 Сериал «У вас будет ребенок»
14.30 «X-FACTOR»
16.50, 02.35 «Әгугай»
18.00 Х/ф «Конек-горбунок»
20.00 «Лучше всех!»
21.40 Х/ф «Баба мороз и тайна нового года»
23.35 « Перепой звезду»
01.10 «Голосящий кивин -2023»

КТК

07.05 «Махаббат әлемі»
09.30, 00.20 «Юморина»
11.30 «Когда меня не станет» мелодрама
15.00,02.00 «Өмір-сынақ»
18.40, 03.20, 04.30 «Ән мен әнші Қош келдің жаңа жыл-2024!»
20.00 Кел, Шырқайық!
21.00 «Здравствуй дедушка мороз»
22.30 «Сказки рублевского леса»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.40 «Шашу»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 М.Сарыбасовтың концерті
18.30 «Бағыт»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 «Ән тыңдайық»
21.00 «Әсем әуен»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Balafunny»
07.30 «Күліп all»
08.00, 02.20 Тикток шоу
09.00, 02.00 Time vine
09.30 Готовим с Адель
10.00 «Телебинго» прямой эфир
10.25 «Келинка тоже человек – 2»
12.00 «Маша и медведь»
12.30 «Ральф против интернета»
14.30 «Перси Джексон и похититель молний»
16.40 «Мстители. Война бесконечности»
19.20 «Геракл»
21.00 «Храброе сердце»
00.00 «Обитель зла – 3»
01.20 «Qazaq stand up»
03.00 «31 әзіл»
04.00 1001 әзіл
04.10 Ризамын
04.30 Bala battle
05.00 «Whats up?»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 Тамаша
08.00 Новогодний концерт
09.00 Х/ф «Пять причин не влюбиться в казаха»
10.50 Юмор! Юмор! Юмор!
12.50 «Хрустальная мечта»
16.50 «Гостья»
19.00 «Каникулы OFF-LINE – 3»
20.40 «Нарисуй мне маму»
00.10 Концерт «Бастар мен Жастар»
02.00 «Келесі кім?»
02.50 «Жеңіп көр»
04.20 «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗЫНА

МАҚСАТ АЙҚЫН – МІНДЕТ ЗОР

Мемлекеттік тілдің маңыздылығы туралы, оның қолдану аясын тұрақты түрде кеңейтіп отыру қажеттігі туралы тұрақты айтылып та, жазылып та келеді. Жалпы алғанда, тіл саясатының жүзеге асырылуына ұдайы назар аударып отыру, сол арқылы уақыт ағымына сай туындайтын жаңа міндеттерді айқындау – жауапты мәселе.

Осыған байланысты мемлекеттік тілдің аясын кеңейту зор мақсат. Бұған еліміздің тиісті сала басшылары, тілші-ғалымдар мен тіл жанашырлары әрдайым назар аударып, ортақ мәселелерге байланысты ой-пікірлерімен бөлісіп отыруы – келелі іс. Әлбетте, мемлекеттік тілдің жағдайы әрбір жанашыр азаматты толғандырары сөзсіз. Баршамыз осы іске бір кісідей атсалысып, өз үлесімізді қосатын болсақ, қазақ тілінің тұғырын биіктете түсеріміз хақ.

Елімізде ұзақ мерзімге қабылданған тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыру.

Осы орайда Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың мына бір сөздерін назарға сала кетсек орынды болар еді. *«Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек»,* - деп атап көрсеткен еді Президент.

Ендеше алға қойылған мақсат айқын, міндет зор. Сайып келгенде, ынта мен ықылас болса алынбайтын қамал, бағынбайтын биіктік жоқ болуы керек. Осының бәрі тіліміздің меңгеруге жете мән бермеудің салдары екені даусыз. Бұған мына бір мысалдан анық көз жеткіземіз. Алысқа бармай ақ сот жүйесіндегі күнделікті кездесіп жүрген көріністеріміздің, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту қолбайлау болып жатқан жайттарды айқын аңғарамыз. Тіптен, процеске қатысушы тараптардың бәрі кілең қазақ ағайындарымыз бола тұра, істің орыс тілінде аудармашының қатысуымен өтіп жатқанын көргенде қарның ашады. Сонда талап арыз берушінің жалдаған қорғаушысы мемлекеттік тілде жазуға шорқақ болғандықтан арызды орыс тілінде жолдап, заң талабы бойынша іс орыс тілінде қаралып жатады. Бір қызығы, сот процесі барысында дау қызып кеткен сәтте әлгі тілге шорқақ қорғаушының өзі қазақшаны жақсы түсініп, уәждерін де қазақша айтып кеткенін аңғармай да қалады. Бұдан шығатын қорытынды, әлгі адам қазақша сөйлегенде тілім бұралып қалады деп орысша сөйлеуді жөн көргендігі ғой. Егер арланбай сөйлей берсе ана тілінде тәп тәуір сөйлеп кетуге мол мүмкіндігі бар емес пе.

Аида НҰРҒАЛИЕВА,
Жетісу облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы.

ЛАУАЗЫМ

КҮРДЕЛІ ДЕ ҚЫЗЫҚТЫ ЖҰМЫС

Күнделікті өтіп жататын сот процестерінің белгіленген уақытында өтуі үшін тараптардың алдын ала хабардар болып, сот процесіне кешікпей келуін, онлайн тәртібімен болса уақытында қосылуын, байланыс сапасының дұрыстығын қамтамасыз ету сот отырысының хатшысына жүктелетіні белгілі.

Сондықтан сот отырысының хатшысы осы мәселелерді күні бұрын шешіп, сот процесінің уақытылы басталуын қамтамасыз етуге жауапты болады. Сот отырысы хатшысының атқарар ісі күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да, қиын жұмыс. Сот процесінде хатшы жүріп жатқан істің барысын, сот процесіне қатысушылардың айтқан сөздерін хаттамаға түсіріп қана отыратын сияқты. Алайда, сот процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, іс бойынша өзіндік айғақ саналатын сот құжаттарының, сот отырысы хаттамасының дұрыс, нақты, сауатты толтырылуы осы хатшыға байланысты. Хатшы тараптардың сот отырысына келуін қамтамасыз етіп, азаматтық және қылмыстық істерді рәсімдеп, сот актілері мен басқа да құжаттарды іс жүргізу нұсқаулығына сәйкес сатыларға жолдайды. Соттың жұмысы мен беделі көп ретте сот отырысы хатшысының жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуіне, жауапкершілігіне, біліктілігі мен ұқыптылығына байланысты. Сондықтан сот отырысының хатшылары күнделікті қызметінде көптеген процестерге қатыса жүріп, азаматтық және қылмыстық істерді жүргізуді, азаматтық кодекс, азаматтық процестік кодекс, қылмыстық, қылмыстық процестік кодекс және тағы басқа салаларға қатысты заңдарды неғұрлым терең игеруге зор мүмкіндік алып, өздерінің кәсіби және зияткерлік деңгейін жетілдіреді. Күрделі де шиеленісті дау дамайларға байланысты істерге тікелей қатысып, білікті заңгерлердің жұмыс тәсіліне қанығып, іс материалдарымен танысып жүрген маман қаралған даулар бойынша өзіндік талдау жасап, өзінше ой түйеді. Талапкер мен жауапкердің тарапынан екі бөлек мүддені қорғаған тәжірибелі заңгерлердің дауды өз пайдасына шешу үшін жасайтын түрлі айла-шарғыларына куә болудың өзі бір қызық. Сайып келгенде, әрбір хатшы өзін болашақ судьяға дайындайтын азамат екені де құпия емес. «Генерал болуды армандамайтын сарбаз бар ма?» дегендей сот процестерінің ыстығына күйіп, суығына тоңып, мол тәжірибе жинақтаған сот отырысының хатшылары қатарынан қазіргі кезде қара қылды қақ жарып, әділ шешім шығарып жүрген судьялардың да бар екенін көріп те жүрміз. Ендеше, әрбір хатшы өзіне жүктелген міндеттерін мінсіз атқаратын болса, өзіне ауадай қажетті тәжірибелер жинақтап, біліктілігін арттыра түсері хақ.

Елдар ҚАЗБЕК,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

ҚАЗЫНА

СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІ ЖЕҢІЛДЕТУДЕ

Қазіргі кезде көпшіліктің көзайымына айналған «Сот кабинеті» электронды ақпараттық сервисі арқылы сотқа электронды құжаттар беру тәртібі туралы нұсқаулық сотқа құжаттарды электронды құжат нысанында беру мүмкіндігін көздейтін Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген.

Әрбір сотқа жүгінетін азамат халыққа қызмет көрсету орталығынан электронды цифрлы қолтаңба алып, «Сот кабинеті» арқылы үйінде немесе жұмыс орнында отырып, сотқа қажетті құжаттарын жібере алады.

Мынаған назар аударған жөн. Жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері сотқа электронды құжаттарды «Сот кабинеті» сервисінде орналастырылған электронды нысандарды толтыру арқылы беруге құқылы. Ол үшін аталған тұлғаларға «Сот кабинеті» сервисінде тіркелу қажет. «Сот кабинеті» сервисінде тіркелген тұлға электронды құжаттарды беру жүйесін пайдаланушы болып табылады. Сот кабинеті – бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған. Осы сервистің негізгі ерекшелігі азамат, оның заңды өкілі, адвокат немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады және сот актісін басып шығара алады.

Тағы бір жағымды жаңалық, сот кабинеті сервисі арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік БАЖ төлеу мәселесі шешімін тапты, жеке тұлғаның төлем карточкасы арқылы бажды төлеу, сондай-ақ төлем құжатының сканерден өткен көшірмесін беру мүмкіндігі бар. «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды сервистері Жоғарғы Соттың www.sud.kz ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлы қолтаңбасы бар азамат қана тұтына алады.

Қазіргі таңда соттарға талап арыздардың электронды түрде түсуі соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады. Мысалы, азамат немесе оның заңды өкілі өзінің уақыты мен қаражатын кетірмей, үйінен талап арыз жіберсе, ол электронды түрде соттың базасына түседі. Сот қызметкері дайын электронды түрде түскен арызды тіркейді. Ол үшін ол құжаттарды сканерден өткізіп, базаға салып жатпайды, өйткені олардың барлығы дайын түседі. Сотқа жүгінген азамат талап арызы тіркелгені туралы талон алады, бірнеше күннен кейін оның ұялы телефонына жазған арызы бойынша сот құжаты шыққаны туралы хабарлама келеді. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындап, әуреге түспейді. Айтып өтетін жайт, ол сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады және сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті азайтуға ықпал етеді.

Алғатай ЖАНДАРБЕКОВ,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы.

ОҚУШЫ ОЙЫ

ҚАРАУСЫЗ ИТТЕН ҚАУІП ЖОҚ ДЕМЕ...

БҮГІНДЕ ҚОҒАМДЫ АЛАҢДАТҚАН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР КӨП. СОНЫҢ БІРІ – КӨШЕ КЕЗГЕН ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ КӨБЕЮІ. БҰЛ ЖАЙТ ЕЛ АРАСЫНДА БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАЙТЫН МӘСЕЛЕ БОЛМАЙ ТҰР.

Иесіз қалған ит пен мысық, ең алдымен қоқыс шашып, түрлі аурудың таралуына ықпал етеді. Екіншіден, мектеп жасындағы балаларға қауіп төндіру жайттары да көбейді. Қараусыз итттерден балалары зардап шегіп қалмауы ата-аналардың басты қорқынышына айналды. Бұл мәселені шешуге мемлекет тарапынан жыл сайын түрлі шешімдер қарастырылып екпе егу, жануарларды қорғау орталықтарына жаппай жіберу, тағы да басқа істер атқарылуда. Дегенмен, нәтижесі көңіл көншітпей тұр. Себебі, үй жануарлары иелерінің жауапсыздығының салдарынан күн санап дала кезген ит пен мысық көбейді. Жануарлардың балаларын қоқыстарға, өзен бойларына, дүкен маңына тастап кету, суға ағызып жіберу сияқты істер де көптеп орын алуда. Тіпті, жауапкершілікті сезінбей медициналық тексеріс, арнайы күтім сияқты шараларды жасамайтындар да бар. Қаңғыған үй жануарлары азаю үшін бірінші кезекте қоғамды тәрбиелеуіміз қажет.

Шыны сол, қыстың көзі қырауда бүрсеңдеп, өткен адамға жалтақтап, тамақ сұрап жүрген күшіктерді көргенде жанын ауырады. Оларды асырайтын, қамқорлық танытатын мекемелер болғанымен орын саны шектеулі. Көбіне белсенді, азаматтық позициясы мықты ерікті жандар осындай қараусыз жануарларды бағып-қағу, қамқорлық көрсету, емдеу, қарамағына алу сияқты істерді жүзеге асырады. Бірақ олардың да материалдық жағынан мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан барша үй жануарларына көмек көрсететін ұйымдардың жұмысына мемлекет тарапынан көмек бөлініп, жан жануарларға жатар орын санын көбейту қажет деп ойлаймын.

Мөлдір САРЛЫБАЙ,
Талдықорған қаласындағы №11 орта мектептің 11 сынып оқушысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШАРА

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

БҮГІНДЕ ЖЕТІСУ ЖЕРІНІҢ КИЕЛІ ӨНЕР ҰЖЫМДАРЫ МЕН МӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕРІ, МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ МЕКЕМЕЛЕРІ ЕЛІН РУХАНИ СУСЫНДАТЫП ЖҮРГЕНІ АНЫҚ. ОСЫ ОРАЙДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ АУДАНДАРЫ МЕН ҚАЛАЛАРЫ МӘДЕНИЕТ КҮНІНІҢ ГАЛА-КОНЦЕРТІ ӨТТІ.

«Жер жәннаты – Жетісу» тақырыбымен айшықталған мерекелік шарада алғашқы болып облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев сөз алды.

Оның сөзінше биыл облыстың мәдениет саласында халықтың рухын көтеретін атаулы күндер, ғасырлық мерейтойлар, республикалық деңгейдегі өнер байқаулары, басқа да іс-шаралар көптеп өткізілуде. Талдықорған қаласында наурыз айында Абай Құнанбайұлына ескерткіш орнатылды. Президенттің тапсырмасына сай Шоқан Уәлихановтың «Алтынемел» мемориалды музей кешеніне күрделі жөндеу жасалса, Үштөбе қаласында Қаратал тарихи-өлкетану музейі салынып, халықтың игілігіне берілді. *«Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтің Талдықорғанда бюсті қойылған саябақ қазір көрнекті демалыс орнына айналды»*, – деген Марлен Қапашұлы өз кезегінде облысымызда блок-модульді клуб орнату Ескелді ауданы Қоңыр ауылынан басталғанын, алдағы жылы 11 ауылға 1,8 млрд. теңгеге клуб салынатынын атады. Ұлылар есімін ұлықтап, мерейтойлар дүркіреп өткен жылды жақсы нәтижемен қорытындылап отырғанымызды жеткізді. Талай саңлақтарымыз бен өнер ұжымдары, мәдени сала өкілдері халықаралық, республикалық додаларда Жетісу жерінің намысын қорғағанын тілге тиек етті.

– Мәдениет – халықтың рухани байлығы, баға жетпес қазынасы. Музыка, сурет, театр, зергерлік және басқа да өнер түрлерін бір арнаға тоғыстырған – ұлы күш. Осы орайда биыл аудан-қалалардың мәдениет күндерін өткізу дәстүрін бастадық, іс-шара жыл бойы жалғасты. Бұл жаңадан құрылған Жетісу облысының қайта түлеуіне, аймақтарда мәдени құндылықтарды кеңінен насихаттауға үлкен серпіліс берді. Ауылдық жерлерде жүрген талантты азаматтардың өз өнерлерін паш етіп, болашақта облыстық, республикалық деңгейде шыңдалып-өсуіне де ықпал ететін болады, – деген облыс басшысының орынбасары мәдениет күндеріне қатысқан 8 ауданы мен 1 қаланың ішінен жүйрік шыққандарды марапаттады.

Көпшілікті көзайым қылған шараның соңында «Отаным менің» әні шырқалса, күллі мәдениет қызметкерлеріне алғыс ретінде Жетісу облысы әкімінің ықылас гүлі ұсынылды.

А. СҰЛТАНҒАЗЫ.

КІТАПХАНАДА

«КАРНАВАЛДЫ КІТАПХАНА ТҮНІ-2023» ШАРАСЫ ӨТТІ

С. Сейфуллин атындағы орталық кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқитын ұлт» жобасын іске асыру мақсатында «Карнавалды Кітапхана түні - 2023» әлеуметтік-мәдени іс-шарасы өтті.



Оқырмандарды кітапқұмарлыққа баулу, оқуды дәріптеу, қала тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуіне атсалысу, кітапхана мен қоғамның арасындағы байланысты нығайту мақсатында ұйымдастырылған шараға Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Гүлмира Қалқабаева қатысып, рухани және мәдени дамудың басты құралы кітап оқудың өміршеңдігін тілге тиек етіп, кітапхана түні шарасына сәттілік тіледі.

Кеш барысында жетісулық ақындар Ж.Немеребай, А.Нұрмахан, Қ.Абдрахман, М.Күмісбек, Ө.Бейбарыс поэтикалық батлда сиясы кеппеген жаңа өлеңдерін оқыды. Сонымен қатар «Ашық микрофон» айдарында блогер, «Болмыс» кітап клубының жетекшісі Шынаргүл Оңашбайдың қатысуымен кітапханаға жазылу акциясы өтті.

«Biblio-darts» алаңында кітапқа байланысты сұрақ-жауаптан тұратын ойындар ұйымдастырылып, «Дәмді кітаптар» библиофуршетінде оқырмандарға көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын, жаңға жайлы демалыспен қатар рухани нәр беретін кітаптармен кеңінен танысуға мүмкіндік берілді.

Сондай-ақ, «АктерTime» айдарында қонақта Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрының әртістері Ғ.Темірбаева, А.Нұғманов және А.Тулеуова өздерінің тәжірибесін бөлісіп, шеберлік сағатын өткізді. Кешке келген оқырмандар Жетісу өлкесінің табиғаты суреттелген «Библио галерея» көрмесін тамашалап, «Kinopark» кітап желісіндегі киноларды көріп, «Cover show» караоке музыкалық кешінде ән шырқады.

Іс-шараға қала тұрғындары, зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, мәдени мекеме қызметкерлері және кітапхана оқырмандары қатысты.

БАЙҚАУ АЯСЫНДА

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «БІР ЕЛ – БІР КІТАП» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ ТӨЛЕН ӘБДІКТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН НАСИХАТТАУ БАРЫСЫНДА «ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ ПЫРАҒЫ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ ӨТТІ.

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Байқау екі кезеңнен тұрды. І-кезеңде қатысушылар жазушының шығармасын таңдай отырып, әңгімеден үзіндіні жатқа айтса, ІІ-кезеңде әділқазылар алқасы мүшелерінің сараптамасынан өткен қатысушыларға жазушы Төлен Әбдіктің өмірі мен шығармашылығынан 10 сұрақтан қойылды.

Байқау қорытындысында қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтады. Талдықорған жоғары медициналық колледжінің студенті Айсана Үркімбаева І-дәрежелі дипломмен және «Samsung» ұялы телефонмен марапатталса, Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің студенті Алтынай Әскерханова ІІ-дәрежелі дипломмен және «Samsung» смарт сағатпен марапатталды. Сондай-ақ, Талдықорған жоғары медициналық колледжінің студенті Арайлым Қайролла ІІІ-дәрежелі дипломмен және «AirPods» сымсыз құлаққаптармен марапатталды.

Қалған қатысушыларға орталық кітапхана атынан Алғыс хат пен кітаптар табысталды.

***

Жыл басында С.Сейфуллин атындағы орталық кітапханасы жыл сайын өтетін «Үздік оқырман - 2023» байқауын жариялаған болатын.

Байқау шартына сәйкес кітапхананың тұрақты оқырмандары арасынан жеңімпаздар анықталды. Жыл бойы көркем әдебиет пен басқа да салалар бойынша 70-тен астам кітап оқыған Талдықорған қаласының тұрғыны, жеке кәсіпкер, кітапхананың белсенді оқырманы Болат Нұрғожанов «Ең үздік оқырман» деп таңылып, кітапхананың арнайы дипломымен марапатталып, шаңсорғыш табысталды. Сонымен қатар, «Үздік ардагер оқырман» номинациясына жыл бойы көркем әдебиет пен басқа да салалар бойынша 65-тен астам кітап оқыған Өтенай ауылының тұрғыны, зейнеткер, кітапхананың белсенді ардагер оқырманы Болатбек Тойбеков ие болып, арнайы дипломымен марапатталып, микротолқынды пеш табысталды. Ал «Ең белсенді жас оқырман» номинациясына жыл бойы көркем әдебиет пен басқа да салалар бойынша 50-ден астам кітап оқыған Талдықорған қаласының тұрғыны, жеке кәсіпкер, кітапхананың белсенді жас оқырманы Жаңыл Нұртаева арнайы дипломмен марапатталып, смарт сағат табысталды.

***

Биылғы жылы жазушы, қазақ детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына орай жыл басынан «Жетісу детектив шығармалары» атты Жетісу облысы жастарының шығармашылық байқауын жариялаған болатын.

Әділқазылар алқасы мүшелері келіп түскен шығармаларды сараптап, жеңімпаздарын анықтай келе, бірауыздан мазмұнды «Мұзбалақ жеткіншектер» атты жұмыс жазғаны үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2-курс студенті Айғанымды Ахунбайдың шығармасын «үздік» деп таныды. Жеңімпаз І дәрежелі дипломмен және 150 000 (жүз елу мың) теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды. Сондай-ақ, ІІ дәрежелі дипломмен және 100 000 (жүз мың) теңге ақшалай сыйлықпен детектив жанрындағы әңгімелері үшін Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеттің 4 курс студенті Әйгерім Өміржанова марапатталса, ІІІ дәрежелі дипломмен және 50 000 (елу мың) теңгелік сертификатпен «Адамдық өшпенділіктің құрбандары» атты шығармасымен АҚ «Қазпошта» мекемесінің қызметкері Ақбота Жақсылықова марапатталды.

Детектив жанрын іргелету, мәртебесін көтеру, дамыту және дарынды Жетісулық жас қаламгерлерді тану, шығармалар жазуға жастардың ынтасын ояту мақсатында Әмина Ақмажанова мен Балнұр Отарбай Алғыс хатпен және 20 000 (жиырма мың) теңге ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Шара соңында С.Сейфуллин атындағы орталық кітапхананың директоры Самал Қанатханқызы әділқазылар алқасына алғыс айта отырып, аталмыш байқауларға арнайы келген қатысушыларға ризашылығын білдірді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АКЦИЯ

МЕЙІРІМДІЛІК ШЫРШАСЫ



Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары «Айналайын» балалар үйінің, оңалту орталығының, нашар есітіндерге арналған мектеп-интернатының, Шымыр ауылдық мектебінің тәрбиеленушілеріне 100 жаңа жылдық тәттілерді табыс етті.

Бұл күн нағыз сиқырлы мерекеге айналды. Мектептің өзін-өзі басқару қоғамдастығының көшбасшылары балаларға арнап жаңа жылдық «Мейірімділік шыршасын» ұйымдастырды. NIS оқушылары көңілді сайыстар, эстафеталар дайындады. Әр бала тақпақ, көңілді ән айтып, би биледі. Жаңа жылдық қойылым, көңілді жарыстар, қызықты ойындар балаларға өзін ертегі әлемінің бір бөлшегі ретінде сезінуге мүмкіндік берді.

NIS волонтерлері «Бөбектер үйінің» ең кішкентай тұрғындарын да құттықтап, тәтті сыйлықтар табыстады.

«Жақсылық шыршасы» бұл жүздеген балалардың жүрегін біріктіретін мектеп дәстүріне айналған ерекше мейрам. Мерекелік көңілкүй толқынында Зияткер оқушылар кішкентай достарымен бірге келе жатқан Жаңа 2024 жылды қарсы алды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«ДИЗАЙН-КОД АЛМАТЫ»

ПРЕЗЕНТОВАЛИ ПРОЕКТ ДИЗАЙН-КОДА ЮЖНОЙ СТОЛИЦЫ



ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМ АЛМАТЫ ПРЕЗЕНТОВАЛИ ПРОЕКТ ДИЗАЙН-КОДА ЮЖНОЙ СТОЛИЦЫ. ОЖИДАЕТСЯ, ЧТО НОВЫЙ ДИЗАЙН-КОД АЛМАТЫ СТАНЕТ МОЩНЫМ ИНСТРУМЕНТОМ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ГОРОЖАН, ВЛАСТЕЙ И БИЗНЕСА, ПРИДАВАЯ ГОРОДУ ЦЕЛОСТНОСТЬ И ЭСТЕТИЧЕСКУЮ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТЬ, - СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

На площадке алматинской палаты предпринимателей для субъектов бизнеса был презентован проект дизайн-кода южной столицы. Напомним, проект дизайн-кода Алматы был опубликован 13 декабря на сайте «Открытые НПА». Публичное обсуждение документа продлится до 28 декабря.



Над проектом Дизайн кода работают специалисты НИИ «Алматыгенплан». В настоящее время идет тестирование сайта-сервиса для консультаций и дальнейшей работы по проектам Дизайн-кода.

На данный момент разработчики Дизайн-кода активно занимаются процедурой переходного периода и юридической проработкой совместно с акиматом и Маслихатом города Алматы.

По словам председателя Палаты предпринимателей города Алматы Нурсултана Шоканова, предприниматели – арендаторы, владельцы бизнес-зданий являются участниками формирования визуальной составляющей элементов городского пространства, которые прописаны в проекте.

«Проект дизайн-кода Алматы давно и широко обсуждается экспертами. Радует, что неравнодушные жители города активно принимают участие в этом процессе. Потому что удобства городской среды зависят не только от инженерно-коммуникационных сетей, транспорта, социальных объектов, но и от атмосферы, которая царит в нем. Это – эстетический облик, соответствующая цветовая гамма, уникальные архитектурные решения. Одним словом, мы стремимся, сформировать привлекательный, узнаваемый, неповторимый единый стиль Алматы. Надеюсь, каждый из нас внесет свой вклад в общее дело», – сказал Нурсултан Шоканов.

Дизайн-код представляет собой свод рекомендаций, направленных на формирование целостной эстетичной архитектуры и комфортной городской среды.

Проект включает основную часть и 6 приложений (7 приложение – «освещение» на стадии разработки), охватывающих различные аспекты городского пространства: носители информации, навигация, городская мебель, озеленение, фасады и ограждения.



«Дизайн-код Алматы» разрабатывался с учетом опыта предыдущих проектов, анализа более 15 тысяч Анкет горожан, проектных семинаров и творческого конкурса на дизайн мерча с участием студентов. Текущая фаза проекта включает в себя тестирование сайта-сервиса для консультаций и работу над этапами внедрения Дизайн кода», – сказала главный архитектор проекта Дизайн-кода Тахмина Сафоева.

По словам разработчиков, основные принципы и философия «Дизайн-кода Алматы» направлены на укрепление уникальности города, стимулирование взаимодействия между жителями, использование социальных медиа для навигации, устойчивость в дизайне, участие горожан в процессе разработки, поддержку местного искусства и культуры, доступность для всех групп населения и ответственную навигацию в городе.

«Предыдущие разработки были рассчитаны только на центр города и не учитывали сложность застройки Алматы, такие аспекты, как навигация, ограждения, городская мебель и прочее. В данном проекте город поделен на категории под определенный тип застройки: частный сектор, типовое жилье, смешанная застройка, исторические культурные пространства, новая застройка. Дизайн код адаптирован под каждый тип. Алматы обладает своим уникальным характером и историей. Использование ключевых символов города, таких как перекрестки и арыки, в дизайне может помочь создать узнаваемую и уникальную картину города», – сказал генеральный директор НИИ «Алматыгенплан» Асхат Садуов.

Поддержка и продвижение местного искусства и культуры, включая муралы, скульптуры, музыку и т.д., может обогатить городскую среду и сделать её более привлекательной. С проектом дизайн-кода можно ознакомиться здесь.

Ш. ХАМИТОВ.

К СВЕДЕНИЮ ВОДИТЕЛЕЙ

КАКОЙ ШТРАФ ГРОЗИТ ЗА ГРЯЗНЫЙ АВТОМОБИЛЬ

Автовладельцам следует помнить, что правила дорожного движения требуют не только технического, но и внешнего соответствия нормам. Так, грязные номера и кузов также приводят к штрафу, передает NUR.KZ.

Какой штраф грозит казахстанцам за грязный автомобиль

Транспортные средства должны соответствовать имеющимся техническим требования по одной простой причине — они обеспечивают безопасность как их владельцев (водителей), так и других участников дорожного движения.

Например, штраф за отсутствие зимних колес с 1 декабря по 1 марта введен для того, чтобы избежать аварий из-за летних покрышек, у которых сцепление с дорожной поверхностью существенно снижается зимой.

Такое же правило действует и в отношении внешнего вида транспорта и видимости государственного регистрационного номерного знака (ГРНЗ).

Номера должны быть видны

Номерные знаки транспортных средств должны соответствовать требованиям национального стандарта, которые подразумевают обеспечение их достаточной видимости и распознаваемости.

Нарушением будет считаться не только целенаправленное сокрытие бумажкой или чем-либо еще отдельных знаков ГРНЗ, но также нанесение специального покрытия для защиты от дорожных камер.

Также, если номер будет залеплен пылью, грязью или снегом, то это тоже будет считаться нарушением.

Как отмечается в пункте 1 статьи 590 Кодекса об административных правонарушениях РК (КоАП), за это грозит штраф в 5 МРП. И если получить его до конца года, то придется заплатить 17 250 тенге. А в 2024 году — уже 18 460 тенге.

Если нарушение повторится в течение 12 месяцев с момента получения первого штрафа, то сумма увеличится до 20 МРП. То есть за это придется заплатить 69 000 тенге в декабре, а в 2024 году — уже 73 840 тенге.

Другие требования к чистоте

Следует учитывать, что грязь на кузове может также стать причиной штрафа.

Так, согласно пункту 4.1.5 «Требований к техническому состоянию по условиям безопасности движения», не допускается эксплуатация авто, степень загрязнения которых снижает:

обзорность с места водителя и пассажиров;

обзорность через наружные зеркала заднего вида;

эффективность действия внешних световых приборов;

препятствует четкой идентификации государственного номерного знака и цвета (цветов) авто, занесенных в свидетельство о регистрации транспортного средства.

То есть важно обеспечить не только хороший обзор водителю через окна и зеркала, но и возможность распознать цвет авто, световые сигналы (поворотники, габариты).

За нарушение грозит такое же наказание, как и за нечитаемые ГРНЗ: 5 МРП (17 250 тенге в 2023 году и 18 460 тенге в 2024) за первый проступок и 20 МРП (69 000 тенге и 73 840 тенге соответственно) за повторный.

Поэтому автовладельцам следует не забывать про необходимость мыть кузов автомобиля в зимнее время.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАРАЗЫ

ЕЛІМІЗДЕ ҚАНДАЙ ІРІ ЖАРЫСТАР ӨТТІ?

Тәуелсіздігіміздің 32 жылында елімізде ірі-ірі бірнеше байрақты бәсеке ұйымдастырылып, ел мерейін тасытатын іс-шаралар өткізілді. Қазақстан тәуелсіз ел ретінде алғаш әлемдік дүбірлі доданы 2002 жылы қабылдады. Сол жылы еліміздің бас шаһарында бокстан Әлем кубогі бәсекесінің байрағы желбіреді.



2011 жылы Алматы мен Астанада еліміз бойынша алғаш рет VII қысқы Азия ойындары ұйымдастырылып, Қазақстан құрамасы командалық есепте бірінші орынға ие болды: 32 алтын, 21 күміс, 17 қолаға қол жеткізіп, бұрын-соңды болмаған рекорд тіркеді.

2013 жылы Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы сарайда бокстан ересектер арасында екі аптаға созылған әлем чемпионаты өтіп, Біржан Жақып, Мерей Ақшалов, Данияр Елеусінов, Жәнібек Әлімханұлы әлемдік сында атой салды. 4 алтын, 2 күміс, 2 қола медаль еншілеген Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте көш бастады.

2014 жылы Алатау баурайында ауыр атлетикадан өткен жаһандық додада Қазақстан құрамасы 3 алтын, 2 күміс, 1 қоламен жалпыкомандалық есепте 3-орынға ие болды. Әлемдік жарыста Зүлфия Чиншанло, сол уақытқа дейін үш дүркін әлем чемпионы болып, төрткүл дүниеге өзін мойындатып үлгерген Илья Ильин және Жасұлан Қыдырбаев топ жарды.

Әлемдік жарыстар өткізу 2015 жылы бас шаһарға ойысып, тәуелсіздік тарихындағы төртінші әлем чемпионатының шымылдығы елордада түрілді. Дзюдодан жаһандық татами бәсекесінде Елдос Сметов (60 кг) әлем чемпионатында алтынмен апталды. Ал финалда Е.Сметовтан жеңілген Рустам Ыбраев ел тарихында күміспен күптелген екінші спортшы атанды.

2016 жылы дүниежүзінің ең мықты бұрымды боксшыларының басын қосқан Астанадағы дүбірлі додада қыздарымыз 10 салмақ дәрежесі бойынша сынға түсіп, Қазақстан құрамасының 4 боксшысы жаһанның теңдессіз спортшысы деген атаққа ие болса, екі спортшымыз ел қоржынына қола жүлде салды. Нақты атағанда, Назым Қызайбай (48 кг), Дина Жоламан, (54 кг), Валентина Хальзова (69 кг), Ләззат Күнгейбаева (+81 кг) алтыннан алқа тағып, қазақтың күрзі жұдырықты қыздары да мықты екенін паш етті.

2017 жылы елімізде 28-ші Бүкіләлемдік қысқы Универсиада сайысы өтті. Он күндік студенттік ойындарда жерлестеріміз – 11 алтын, 8 күміс, 17 қола, барлығы 36 медаль олжалап, командалық есепте екінші орынға табан тіреді.

2019 жылы елорда төрінде ұйымдастырылған күрес түрлерінен жаһан біріншілігінде төрткүл дүниенің ең мықты 1002 балуаны белдесті. Бас шаһардағы әлемнің басты жарысы – Токио Олимпиадасына жолдама беретін алғашқы лицензиялық турнир болды. Ел намысын қорғаған 30 балуанымыздың арасынан үш өреніміз финалға шығып, төрт балуанымыз қола медаль иеленді.

ТУРНИР

ТАРТЫСҚА ТОЛЫ ТАТАМИ

АЛМАТЫДАҒЫ БАЛУАН ШОЛАҚ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ САРАЙЫНДА ДЗЮДОДАН ЖҮЛДЕ ҚОРЫ 100 МЫҢ ДОЛЛАРДЫ ҚҰРАҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «JENYS CUP» ТУРНИРІ ӨТТІ. ЕЛ АУМАҒЫНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН КОМАНДАЛЫҚ САЙЫСТА 11 МЕМЛЕКЕТТЕН КЕЛГЕН 17 КЛУБ КҮШ СЫНАСТЫ. ОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ДҮБІРЛІ ДОДАЛАРДА ДАРАЛАНЫП ЖҮРГЕН БЕЛДІ БАЛУАНДАР ДА АЗ БОЛҒАН ЖОҚ.

Аталған жарысқа Қазақстан мен Ресейдің төрт клубы қатысса, Франция, Испания, Өзбекстан, Грузия, Моңғолия, Қырғызстан, Әзербайжан, Беларусь және Тәжікстан бір-бір командадан қосты. Бұл мемлекеттердің барлығында күрестің осы түрінен жеңіспен өрілген бай дәстүрі барын жанкүйерлер жақсы біледі. Сонымен қатар әр команда өз қатарын легионнерлермен толықтыруға құқылы еді. Алғашында қатысушылар бірнеше топқа бөлініп, бір-бірімен шеберлік байқасты. Солардың арасынан суырылып шыққандары жүлделі орындар үшін таласты.

Қазақстанда жасақталған ұжымдар арасында ең жақсы көрсеткішке «Жеңіс» клубы қол жеткізді. Бұл команданың сапында еліміздің танымал балуандарымен қатар, әлем мен Еуропаның екі дүркін чемпионы, сол жарыстардың күміс жүлдегері Тато Григалашвили (Грузия), Азия ойындарының жеңімпазы Ерлан Шеров (Қырғызстан), жастардың әлем біріншілігінің жеңімпазы Сабо Инанейшвили (Грузия), тағы басқа бір топ легионер өнер көрсетті. Турнир барысында Испанияның «Spanish Judo Car-Madrid», Беларусьтің «Stayki» және Моңғолияның «Genco» клубтарын қапы қалдырған жерлестеріміз қола медаль үшін тартыста Ресейдің «Локомотивін» 3:0 есебімен ойсырата ұтты.

Чемпиондық атақ үшін айқас Грузияның «Shevardeni» мен Тәжікстанның «Hoji Sharif» ұжымдары арасында өтті. Бұл бәсекеде Қап тауы бөктерінен келген балуандар басымдық танытып, бас жүлдені олжалады. Жеңімпаз команданың намысын Георгий Туташвили, Коте Капанадзе, Заур Двалашвили, Георгий Жабниашвили, Шалва Гурешизе сынды саңлақтар қорғады. Тағы бір қола медаль Ресейдің «Edelweiss» клубына бұйырды.

Жарыс аяқталғаннан соң, жеңіс тұғырына көтерілген командалар мынадай мөлшерде сыйақы алды: 1-орын – 30 мың, 2-орын – 20 мың және 3-орынды еншілегендердің әрқайсысына 10 мың доллардан бұйырды. Сонымен қатар турнир барысында айрықша көзге түскен балуандарға ұйымдастырушылар тарапынан арнайы жүлделер табыс етілді. Атап айтсақ, Тато Григалашвили «Ең үздік дзюдошы» деп танылды. Грузияның мақтанышы қазақтың атымтай жомарты Бекет Махмұдов атындағы жүлдемен қатар, 10 мың доллар иеленді. Атақты балуан, КСРО халықтары спартакиадасының жеңімпазы Қайрат Мұқановтың құрметіне тағайындалған жүлде («Үздік әдіс») Коте Капанадзеге, Қанат Байшолақов жүлдесі («Жеңіске деген жігері үшін») Жансай Смағұловқа, Олимпия ойындарының екі дүркін жүлдегері, әлем чемпионы Елдос Сметовтің жүлдесі Құбанычбек Айбекұлына, әлем чемпионы Максим Раков жүлдесі Дастан Жұмажановқа бұйырды. Олардың әрқайсысы 5 мың долларды қалтасына басты.

Елімізде тұңғыш рет өткізіліп отырған жарыстың ашылу және жабылу рәсімінде сөз алған Қазақстан дзюдо федерациясының президенті Қуанышбек Есекеев, Халықаралық дзюдо федерациясы президентінің кеңесшісі Алмаз Әлсенов алдағы дүбірлі додаларда қазақ балуандарына сәттілік тіледі.



ЕЛОРДАМЫЗДА ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК САРАЙЫНДА ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА АРМИЯЛЫҚ ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ҰРЫСТАН БІРІНШІЛІК ӨТТІ.

ЖІГЕРЛІ ЖЕТЕР ЖЕҢІСКЕ

Еліміздің Қорғаныс министрінің кубогі сарапқа салынған бәсекеге қазақ спортшыларымен қатар Ресей Федерациясы, Өзбекстан және Беларусь республикаларының сайыпқырандары бақ сынады. Солардың бірі – 57 кг салмақта турнир чемпионы атанған Жандос Мадехиянов.

Кез келген елдің әскері қару-жарағының күштілігімен ғана емес, сонымен қатар жауынгерлерінің дене дайындығымен де қуатты. Осы мақсатта 2018 жылы қоян-қолтық ұрыс әскери қызметкерлер үшін міндетті әскери дене дайындығы бағдарламасына енгізілді. Бұл жекпе-жек өнерінің түрлері ықылым заманнан бері де көптеген елде жауынгерлерді тәрбиелеу, шынықтыру жүйесі ретінде қолданылған. Кейінгі ғасырларда қаружарақ пен техниканың дамуымен маңызы төмендегеніне қарамастан, әлі күнге күштік құрылымдардың жауынгерлерін даярлаудың маңызды құрамдас бөлігі болып қалып отыр.

Білегі мықты, жүрегі түкті жандарға арналған спортты жанына серік еткен кейіпкеріміз, халықаралық жарыстың су жаңа чемпионы сержант Жандос Мадехиянов Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Қарағанды қаласындағы №61 орта мектептің түлегі. Спортпен 16 жасынан кәсіби түрде айналысып келеді. Қоян-қолтық ұрыстан, кикбоксингтен, ушу-саньдадан спорт шебері. Осы үш спорт түрінен де ел чемпионы.

Қорғаныс министрінің кубогі жолындағы жарыстарға төрт жыл қатарынан қатысып, биыл жеңісті қолдан бермеді. Алғашқы жылы қатысқан турнирде 3-орын, одан кейін 2-орын, былтыр 3-орын алған еді. Биыл көптен күткен жеңіс тұғырынан көрінді. Спортта жеңімпаз болу оңай емес. Ол үшін адамға темірдей табандылық пен мінез керек.

«Соңғы қарсыласым – үш дүркін Қазақстан чемпионы, үш дүркін әлем чемпионы. Сондықтан одан айламды асыру үшін барымды салдым. Бұған дейін министрдің кубогі үшін өткен турнирде және Қазақстан чемпионатында одан екі рет ұтылған едім», – дейді Жандос.

Әскерге келген соң армиялық қоян-қолтық ұрыспен шұғылдана бастаған оған жалпы жекпе-жек техникасы жақсы таныс. Өйткені бұл спорт түрі де жауынгерді шыңдайтын, қолмен, аяқпен соққы жасап, лақтыру, күресу әдістеріне негізделген. *«Алдағы мақсатым – қоян-қолтық ұрыстан әлем чемпионы атанып, халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алу»*, – дейді Жандос.

Материалдар egemen.kz. сайтынан алынды.

КӨҢІЛ АЙТУ

БАҚҰЛ БОЛ, ҚАЗАҚТЫҢ ҚАМҚОРШЫ ҚАЙСАР ҚЫЗЫ



«Адам ұрпағымен мың жасайды ғой. Шүкіршілік деймін осы өміріме. Негізінде әйелдің жүгі қашан да ауыр, әйел оны көтере білгенімен қадірлі. Ел іші тыныш, халық аман болсын» деп жүретін апамыз еді... Жасының ұлғайғандығына қарамастан «Алатау» газетін үзбей оқып, пікірін білдіріп, ақыл-кеңесін беріп отыруды да дәстүрге айналдырған болатын. Редакциямызға әр келген сайын: *«Бұйырса алдағы жылы тоқсанға толамын. Мен жайында жақсылап мақала жазасыңдар ғой»* деп жүретін-ді.

Апама қарап анамды көргендей болып, іштей ұзақ жасағанын тілейтінмін... Енді міне, **Өмірсерік Жұматайқызының** жарық дүниемен қош айтысты деген суыт хабарды естіп жүрегім сыздап отырғаны. Ажал құрығынан ешкімнің де құтылмасын білсек те, қимастық сезім үміт үзгізбейді екен...

Саналы ғұмырында еліне елеулі қызмет етіп, халқына қалаулы болған **Бекметова Өмірсерік Жұматайқызының** есімі оны білетін жандардың есінде мәңгі сақталары хақ. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, қайран апатай!

«Офсет» баспаханасы мен «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің ұжымы қазақтың қамқоршы қайсар қызы **Бекметова Өмірсерік Жұматайқызының** отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Иманы саламат болып, артында қалған ұрпақтарына мәңгі ғұмыр берсін.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАЛАЛАРЫ

жаңа жыл мерекесін тойлады

Жетісу жерінің кіндігі болып табылатын әсем қаламыз Талдықорғанда балалардың бос уақытын қызықты әрі тиімді пайдаланумен қатар олардың бойындағы өнерін дамытуда «Мейірім» балалар шығармашылық орталығы ашылған болатын.







Талдықалада алғашқылардың бірі болып есігін айқара ашқан орталық өнерлі балалардың қанатын қатайтуға өз үлестерін қосып келеді. Орталық директоры Гүлмира Қуанышқызының сөзінше, төрт бағыт бойынша жұмыс істейтін орталықта «Сурет», «Тоқыма», «Мүсіндеу», «Вокал», «Шешендік өнер», «Көркемсөз оқу», «Домбыра» үйірмесі бар.

«Төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі 200-ден аса баланы өнерге баулыған орталықтың ұстаздары да өз ісін сүйетін нағыз мамандар. Ашылғалы бері балаларды өнерге баулып келетін білікті мамандарыма ерекше алғыс айтқым келеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді ғой, сол кісілердің біліктілігінің, күнделікті сабаққа тыңғылықты дайындықтарының арқасында жұмысымыз ілгерілеп келеді», – деген орталық басшысы «Мейірім» шығармашылық орталығы екі жыл ішінде қала маңындағы Өтенай, Еңбек, Мойнақ ауылдарындағы мәдениет үйі ғимараттарынан филиалдарын ашып үлгергенін де тілге тиек етті. Сондай-ақ, орталықта арнайы пән сабақтары бойынша ақылы үйірме де жұмыс істейді.

Әр түрлі мерекелік, шығармашылық іс-шараларды ұйымдастырып, орталықтағы балалар мерейін асырып келетін орталықтың директоры бастаған ұжым биыл да балаларға арнап жаңа жылдық шара өткізді. Қаламыздағы «Кидс-парк» ойын алаңына жиналған 100 шақты балаға «Түрлі түсті кеш» (Цветная вечеринка) ұйымдастырылып, жаңа жылдық тәттілер таратылды. Бұл кешке келе алмаған балалар да ескерусіз қалған жоқ, оларға да жаңа жылдық тәттілер табыс етілді.

Талдықорған қаласындағы Жаңа Ғарышкер ықшам ауданында 5/5-үйде орналасқан «Мейірім» орталығы биыл да жылды жақсы көрсеткіштермен аяқтап отыр. Ендеше, балалар мерейін өсіріп, түрлі өнерге баулып келетін өнер шаңырағының шамы әрқашан жарық болғай!

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.







Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші

Кезекші редактор: З. БЫЖЫБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700 Индекс 15534
Тапсырыс № 1491